

11 КОЛЛЕКЦИЯ

Пионер (раз. 43)

1958.

1-12.



ПИОНЕР

Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті мен пионер ұйымы республикалық Советінің пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журналы

№ 8

АВГУСТ

1958 ж.

Айына бір рет шығады.

Шығуына 20 жыл

ШОПАН ҚЫЗЫ

ОЧЕРК

Түс ауа Ақбұлақ шоқысының аржағынан түтілген түбіттей бір шөкім ақ бұлт шықты. Уақыт өткен сайын бұлт молая берді. Бесінге жуық күн көзін тұмшалап та алды. Аспан әлемі кеседегі іртік айрандай.

Ақбұлақ етегінде қой бағып жүрген Әбдіқадыр қарияның көңілі дәл осы кезде көтеріңкі еді: отар, бір қойдай, шөпке қадала жайылып жатқан.

Отардың арғы шетінде жүрген Кенжеқан әкесі қалпағын көтерген соң торы құнанның басын бері бұрды. «Әкем қазір бір қызық әңгіме айтып берер», деп ойлады ол. Отар иірілгенде не осылайша қадала жайылғанда Әбдіқадыр қария Кенжесіне қызық-қызық әңгіме шертіп беретін, Кенжеқан со бір әңгімелер айтылатын кездерді асыға күтіп жүретін. Қазір әкесі тау бүркіті туралы бір әңгіме айтып берсе, қандай жақсы болар еді.

Қап, олай болмады. Қарт өзіне таяй берген қызына:

— Кенжетай, ана бір саулық қоздағалы жүр-ау деймін, байқашы, балам,— деп отардың сонын ала самарқау жайылып келе жатқан сарбас саулықты қамшысымен нұсқады. Кенжеқан атынан секіріп түсті де, аяғын сыбдырсыз басып кеп, сарбас саулықтың артқы сирағынан шап беріп ұстай алды. Еппен емшегін сауып көрді, уызы қою, әрі сапсары екен.

— Қоздағалы жүр, ата.

Әкесі атынан түсіп келгенше, найзағай бұлттың жонын бір тіліп өтті де, аспан күркіреп, жаңбыр сіркірей жөнелді.

Отарда екі серке бар еді: «Бақ-бақ еткен текені күн жауғанда жөрерміз» деген рас екен, екеуі де ілгері қарай қасқыр қуғандай зыта жөнелді. Серкелердің соңынан, әдеттегіше, бүкіл отар шұбады. Серкелер тай шаптырым жердегі ақ отаудай үлкен тасқа қа-

рай жөңкіліп барады. Оларға ілесе алмай, өрісте сарбас саулық қана қалды.

— Балам, осындай жауын-шашында отарға ит-құс килігуі мүмкін. Мен отардан қалмайын,— деді абыржыған қария.— Мына саулықты қыспай ғана айдап келерсің.

Тасқа қарай торы атын бүлкілдетіп кете барды.

Сарбас саулық егіз қозы туды. Ол екінші қозысын алғашқыда жалағысы келмеді. Тіпті, алдында қошақаны емес, бейне тікелерін тікірейтіп тұрған кірпідей үрке қарайды. Жатырқайды. Ал бірінші қозының үстін туа салысымен-ақ мұнтаздай етіп жалаған болатын.

Кенжеқан қанжығасындағы қоржынын шешіп алып, екінші қозыны әдейі шаранасын сүртпестен соған салып, анадай жерге апарып қойды. Жануар көзін әзер ашып-жұмып, терек жапырағындай салпаң құлақтарын жағына сабаппап жата берді.

Кенжеқан атына міне сала ұшыртып отырып, Шоқпартастағы әкесіне келеді.

— Әке, әке! Түз сізде ме?

Бұл сұраудың төркінін айтқызбай-ақ сезген әке, қуанып:

— Сарбасың егіз туған екен ғой, қалқам. Ой, бәрекелді,— деді қалтасындағы орамалға түйілген тұзды суырып беріп.— Бар, Кенжетай, тезірек!

Кенжеқан алдымен бір уыс тұзды алақанына езіп, қойға жалатты. Төлдеген саулық аңылағыш келетін әдеті емес пе, алақаңдағы тұзға қанағат етпеді. Ол енді екі шөкімін езіп, екінші қозының сауырына жақты. Міне, енді сарбас саулық оның үстін құшырлана жалай бастады.

Кенжеқан қозылардың екеуін де енесінің бауырына әкелді. Саулықтың емшектерін ұстап, біраз уқалап тұрып, қозылардың ау-



зына салды. Сарбас сәл тықыршып тұрды да, қошақандарының жотасын жалай беріп, жуасып-ақ қалды. Тіпті, иіп берді. Қошақандар ауызданды.

Жас жануарлардың ауыздануын күтіп тұрғандай-ақ, бұл кезде себелеп тұрған жаңбыр да саябырлап, шығыс жақтан кемпірқосақ көрінді.

* * *

Шұбартал өзенінің екі жағы, қалықтап бара жатқан құс қанатындай керілген кербез жазық. Жазықтың көдесі мен бетегесі, шүйгін шөбі таудан ескен салқын самалға баяу ырғалып, шоқ-шоқ алуан түсті гүлдердің хош иісін аңқытады. Жазық қарағайлы тауға тіреледі. Тау төскейі торғынданып тұр. Жазықтың ортасында абайсызда жасыл кілем үстіне түсіп қалған көк лентадай ирлендеп өзен жатыр. Екі жақтан өзенге тірелетін қара жолдар шұбатылған жіп секілді. Өзеннің шығыс жағындағы жолмен екі ат жеккен арба, одан әрі бір отар қой қаптап келеді. Бұл жайлауға көшіп келе жатқан Әбдіқадырдың отары. Өзеннің бергі жағына екі-үш күнде сиыр фермасы көшіп келетіндіктен, Әбдіқадырдың отары арғы жаққа өтуі керек.

Отар өзеннің жағасына жете бергенде, оның сонында әкесімен қатарлас келе жат-

қан Кенжеқан екі серкені алдына салып, «тәйт, баста, баста!» деп, суға айдады.

Бір ретте ол әкесінен:

— Әке, бізде ғана екі серке бар екен десең, серке әрбір қой отарында екіден, үштен бар екен ғой. Бұларды неге бүйтіп екі-үштен бөліп алғансыздар? — деп сұрағанды. Әке баласының сөзіне езу тарта күлімсіреп:

— Серке жауынан қорыққанмен, терең судан, таулы асудан қайтпайды, балам,— деген еді.— Қиын өткелдерде серкені алдына салып айдасаң, отар артыңнан тұзға жүгіргендей шұбайды. Серке ештеңеден тайынбайды.

Әке сөзіне танданған Кенжеқан:


— Онда, терең судан серкелерді мен бір рет айдап өтейінші,— деп өтінді.

— Мақұл!

Міне, былтыр қыста айтылған со «мақұлдың» кезегі енді келді. Су ағысы қатты екен.

Кенжеқан осы судан серке айдап өткеніне іштей қуанды. Ол аржакқа қайта өтті. Артта иіріліп кілең егіздің сыңарлары мен кенже туған қозылар қалып барады екен. Су тайыз болғанмен қозыларды ағызуы мүмкін. Міне, ағызды да.

Кенжесін бұл іске жұмсауға әке батылы бармады. Үндемеді. Атын тебініп, суға өзі қойып кетті. Ол аққан қозыны қуып барады. Іліп алады. Тағы біреуін. Кері бұрылған әкеге тағы біреуі жақындайды. Әке оны да, ба-



лапан ілген кезкүйрықтай, іліп алады. Кенжеқан шыдап тұра алмады. Әкесінің қасына келді.

— Әке, мынаны маған беріңіз,— деп қосақанды алдына өңгерді.— Және біреуін.

— Байқа, балам. Атың сүрініп кетпесін, байқашы.

— Қорықпаныз, әке, сүрінбейді.

Өңгерілген қозылар жағаға шыққандай-ақ дүр-дүр сілкініп, жерге секірмек болады. Кенжеқан тізгінін тістеп, оларды қапсыра

қушақтаған күйі жағаға алып шығады. Әке өзінің қолқанатына көзі жасаурай, мейірлене қарап қояды. Қалайша сүйсінбеске. Кенжетайы бірінші кластан бастап үздік оқиды. Алты жылғы оқуының айғағы ретінде бірнеше мақтау грамотасы тұр үйінде. Ал жазғы демалыс кезінде болса, міне, өзімен бірге отар соңында жүр.

Қ. Нүсіпәлиев.

Алматы облысы, Нарынқол ауданы,
«Октябрь» колхозы.

ЖАСТАР ТВОРЧЕСТВОСЫ

ДӘРИГЕР

Әшім көріп байқады,
Басып Есен маңдайын.
Басын жиі шайқады,
Қағып қойып таңдайын.

«Шеке күйіп-жаныпты,
Суық ұстап қалыпты.
Терлеу керек мұндайда
Жылылап жат, емі — сол»
Әжесінің өзіне
Айтатынын айтты ол.

Ж. Карбозин.

ГҮЛНӨРДІҢ ҚЫЛЫҒЫ

Біздің Гүлнәр — жас бөбек,
Екі жастан жаңа асты.
Киімін киіп қастерлеп,
Ойыншыққа таласты.

Үйде жатқан кітапты,
Ұстаса біреу кимелеп.

Кәдімгідей жылайды,
«Тәтемдікі, тиме» — деп.

К. Әміров.

Гурьев облысы, Новобогат ауданы, Аманкелді атындағы мектептің оқушысы.

ШКАФҚА

Апамның сол баяғы
Ұнатпаймын тарлығын.
Шкафқа сап қояды
Қант-шенердің барлығын.

Балалық тез өтсе екен,
Шығатұғын ұшпаққа.
Бойым өсіп жетсе екен,
Ең болмаса, шкафқа.

Қ. Мырзалиев.

ҚАЛҒЫМА, АЙ, ҚАЛҒЫМА

Іні мен қарындасың ба,
Жұлдыздар толған айналаң!
Келмек боп қызығасың ба,
Қарайсың неге, Ай, маған!!

Бетінді бұлтпен бүркейсің,
Ұйқың кеп тағы қалды май!
Өзенге құлап кетерсің,
Қалғыма, Ай, қалғыма!!

«СІЗ» ДЕУДІ ҮЙРЕНДІ

Үйретті әжем Кәрімге:
— Сіз де, үлкен адамға.
Сөйлейсің сіз деп, әрине,
Мамаңа да, маған да.

Құлақ сап Кәрім айтқанға,
Ұққандай басын изеді.
Папасы үйге қайтқанда,
Сен деген жоқ, сіз деді.

Менсінбеуші еді мұны түк,
— Тентек қой,— деп біздегі.
Сен деуді мүлде ұмытып,
Інісін де сіз деді.

Қ. Мүсірепов.



Тынымсыз Кемере

Ескі-ұсқы, көр-жердің бәрін оңдап қажетке жарата беретін Сапа қарт албардан жыртық ауды алып шықты. Ең болмаса осы көктемде су астына сүңгітіп алып, сосын тастармын деген ой келді оған.

— Бір шабақ алсам да зияны не? — деді ол өзіне-өзі. Ұшына жіп байлаған көзілдірік орнында тұрмай, тоқымдай сусып, танау ұшына түсе береді. Оның бір шынысына, жоғарыдан төмен тік сызат түсіп, жарылыпты. Қарттың шүңірек көзі шыны астынан ерекше үлкейіп көрінеді. Ал, әлгі шыны жарығының салдарынан сол жақ көзі ортасынан екіге жарылып, тосын қарағанда бүкіл бет әлпеті екі жарты болып, үш көздей елестейді. Көзілдіріктің бояуы кеткен мүйіз жиегін бурыл тартқан қалың қасы көмкеріп тұр. Жазық маңдайда қат-қабат жиырылған терең әжімдер шекеге созылып жатыр. Жылдар өткен сайын, шал келбеті де өзгергендей. Күнқақты болып, тотыққан біртүрлі ғажап еңбекқор адамның еңі.

Судағы балықтың шеміршек тұмсығынша сумаңдатып, жіпті көз ілестірмей өріп бара жатқан жуалдыз жаза басар емес. Тор тесігі азайған сайын қарт көңілдене берді. Футбол добы сияқты үлкен домалақ жіпті әкеліп беріп тұрған кемпіріне қарап, көзілдірігін жоғары ысырып қойды да, кенет тына қалып:

— Теңіз бетін көрдің бе, жаңа қаймақтанған сүттей тұнып тұр. Сонау бұлт астында көрінетін тымыққа мына ауды жамап болған соң сүңгітіп-сүңгітіп жіберіп тартсаң, нелер сорпалық балықтар ілігеді-ау, шіркін.

Шал сілекейін жұта, тамсанып қойды.

Осы кезде биік қыратқа көтерілген екі бала үйге таянып қалып еді. Сапа балаларды байқамады, ол тек «Құлыным-ау, Нұрыш-

ау, келдіңдер ме»,— деп жаулық ұшын сүйрете, етегіне сүрініп, жүгіре жөнелген кемпірін көріп, аң-таң қалды. Бұл несі деп ойлады ол әуелі. Орнынан көтеріле беріп, мойнын созды. Жол бойындағы ылдидан кемпіріне қарсы жүгірген екі баланы көрді. Сапа тоқуышты тастай беріп, жасына бітпеген елгезек қимылмен орнынан тұра жүгірді.

— Ау, Нұрыштар келіп қалған ба? Міне жігіт. Тұра тұр, кемпір, маған жібер. Әп, бәрекелді,— деп сөйлей жүріп, екі баланы кезек-кезек сүйді.

Балалардың ақсары келген дөңгелек жүзді, күлім көздісі он бірлер шамасында. Ол екі қарияның құшағына кіріп, еркелік көрсетіп, жармаса түседі. Одан гөрі сәл ересектеу Нұрыш қымсынып, еркін орала кетуге ыңғай таппағандай, шеттеу тұр.

— Ал, кемпір, бізге ең дәмді тамақтан даярла,— деді Сапа үйге келген соң.— Бұл демалысқа шыққандары ғой тегі.

* *
*

Ескектің ортасынан екіге бөлініп жатқанын көргенде Сапа қарт, аузына сөз түспей тілі күрмеліп, ашумен қалтырап кетті. Өз көзіне сенбегендей есік алдында бөлшектеңіп жатқан ағаш сынықтарын біртіндеп қолына алып, басын шайқады.

— Жәкен! — деп ақырды ол аулақта жүрген немересіне. Жәкен жанына келгенде жердегі сынықты нұсқады.

— Сен бе?

— Я, байқамай,— деді күмілжіп.

— Ә, бұзық, менің ескегімді сындыруға келдің бе?! Кемпір, а кемпір, қайда жоғалдың, көрдің бе мыналардың ісін.

Қарт жел соққан теңіздей бұзылып, әпсәтте бұлқан-талқан болды да қалды. Кемпірінің басу айтқан сөзін тыңдау орнына өршелене түсіп, алара бір қарап, кейіген күйі еніп кетті.

Түскі астың үстінде жарқылдап күліп, әңгіме айтып отырған бір де адам болмады. Шай көңілсіз отырып ішілді. Сапа қарт ескек туралы тіс жармады. Анда-санда Жәкенге қалың қабағының астынан алара бір қарағаны болмаса, ыстық шайды сораптап тарта берді. Нұрыш болса шайын тез-тез ішіп, тысқа шығып кетті.

— Ағаш жонып жүр, айналайын! — деді әжесі.

— Немене, ескекті сындырғандары жетпеп пе еді. Тағы да бірдеңені бүлдіргелі жүр десейші!

— Нұрыш жаңасын жасап жатыр, — деді Жәкен.

— Жаңасын, ескек жонатын шеберлік қайдан келді сендерге, алдымен мұрындарыңды сүртіп алыңдар, — деді атасы кекесін үнмен.

Сапа қарт шайын ішіп бола беріп еді, Жәкен атасының бір тізесіне шынтағын тіреп, еркелеп, алдына қисая кетті. Сөйткенше болған жоқ, тізе астында әлде не сырт ете қалды. Қарттың екі көзі аларып, не дерін білмей, маңдайы тершіп, сұлқ отырып қалды да, немересінің басын алдынан итеріп тастады.

— О не, буының ба, ата?

— Жоқ, көзілдірігім, — деуге тілі келді оның. Тізесін көтергенде, жарық шынысы ортасынан қақ бөлініп жатқан көзілдірік көрінді. Әлгіде шайға отырарда көзінен алып, дастарқан шетіне қоя салған еді.

— Бүгін бір қырсық айналдырды-ау, — деді ол тістеніп.

Атасының серігінен айырылған көзі қазір Жәкенге бір түрлі қамыққан, әлденеден жасқанғандай, әрі қысыңқы, әрі жасаурап тұрғандай көрінді.

— Мінекей, ақырғы көзден де айырдың, — деді атасы кейіп.

— Онсыз жұмыс істей алмайсыз ба?

— Көзсіз не істеуге болады. Енді тек қол қусырып отыру ғана қалды.

* * *

Кішкентай сандықшадағы қағаздарды көп аралаған Жәкеннің қолына ақыры тілдей біреуі ілікті. Ол ішінен оқып шығып, Нұрышқа ұсынды.

— Дәл өзі, — деді Нұрыш. Бұл — көзілдірік алуға жазылған рецепт еді. Нұрыш атанасына да соқпастан, қалалық аптекаға кел-



ді. Көзілдірік жоқ болып шықты. Байланыс бөліміне кіріп хат жазды да, ортасына рецептіні қоса бүктеп почта жәшігіне салды. Хат сыртында «Астрахань қаласы, № 13 мектеп, Тимур командасына» деген адрес бар еді.

Күн батар алдында ол маякқа қайтып оралды.

— Әкелдің бе? — деді күн бойы тынымсыз күткен Жәкен оны есік алдынан қарсы алып.

— Біздің қалада жоқ екен, Астраханьға, 13-ші мектептің командасына хат жаздым.

— Қайда жібер дедің?

— Қалаға, папама.

13-ші мектептің Тимур командасына хат арқылы таныс болса да, Жәкеннің ойына толқу туды: «Көзілдірікті іздестірсе жақсы?» — Жәкен бір күннен кейін бұл ойды ұмытып кетті.

* *
*

Ұзамай жаңбыр тынды да, теңіз үсті серпілді. Қалың көгалдың шық басқан сабақтары лезде бойшаң тартып, шаң-тозаңнан шомылғандай жасыл реңге еніп, құлпыра қалды. Әлгіде ғана аспанды түгел торлап алған түтіндей қара бұлт ашудан айыққандай, алыс жиектерге асықпай сырғып, көшіп кетті. Ұшы-қиырсыз теңіз бетіне бұлт тұтқынынан құтылған күн көзі нұрын құйды.

Осы мезгілді күткен Сапа үйден шыққанда, Жәкен оның қолына жаңа ғана жонып бітірген ескекті ұстата қойды. Ұстайтын сабы да, қалағы да бар кәдімгідей жеңіл ескекті көргенде, Сапа балаша қуанды. Ескектің бір ұшын жерге сүйрете келіп, Жәкеннің маңдайынан сипады.

— Шебер екенсіңдер, — деді қарт.

— Бізді ағаш жонуға үйретеді, — деді Жәкен. — Темір де соға аламыз, сондай сабақ бар.

Сапа қарт ескекті суға салуға асыққандай теңізге қарай жедел жүріп кетті. Келе қайықты суға сүйреп салып, немерелерін отырғызды да, дағдылы қимылмен есіп жүре берді. Қайық тұнық теңізді оқтай сызды. Олар жиектен ұзап барып, ертеңгісін келіп жайып кеткен ауларын жинауға кірісті. Ау шетіне іліне шығып, секіре тулаған екі-үш ірі балық құйрығын соғып келіп қайыққа түскенде, қайық аунақшып кетті. Ернеуден ұстай берген Жәкен аяқ астында жатқан балықтың жылтылдаған жонын қапыда басып қалып, екпінімен ұшып кетті. Жақтаудан аса, тұнық теңізді басымен сүзе құлап түсті де,

ауға ілегіп қалды. Жәкеннің түсі қашып, едәуір абыржып қалды.

— Теңізбен сүзісіп көрдің ғой, қайсың мықты екенсіңдер? — деді Сапа қайықтың тұмсығында бүрісіп отырған немересіне қалжыңдап...

Жазғы каникулдың ақырғы күндері келді. Соңғы оқиғадан бері Жәкен тынымсыз жүгіруді қойып, кітапқа қарады.

— Пысықтап отырмын, — деді ол қасына келген Нұрышқа.

Осы кезде теңізден мотор даусы естілді. Жәкен орнынан атып тұрып, есікке жүгірді. Есіктерді ашып тастап, жолдағы бұйымдардың бәрін опыр-топыр құлата, ытқып тысқа шықты. Ағынды жарып, оқтай сырғып, катер келіп жиекке тоқтады.

— Мама! — Жәкен жүгіре жөнелді.

Катермен балаларын алып қайтуға Сапа қарттың келін баласы келді. Папасы мен мамасын алма кезек құшақтай жүріп, Жәкен мұндағы хабарды үйге жеткенше айтып үлгерді.

Қарттарға әкелген азық-түліктердің ішінен кішкентай қобдиша шыққанда, Жәкен қуаныштан үйге симады.

Қорап ішінен шынылары жалтыраған, су жаңа әдемі мүйіз көзілдірік шықты. Шал екі немересін құшақтап, қатты қуанды. Жаңа келгендер бұл қуанышқа қайран қалды.

Балалар ата-анасына еріп, қалаға оқуға қайтты. Екпінімен су бетінде ақ толқын тұрғызып, жүзе жөнелген әсем катерді Сапа қарт кемпірімен бірге шығарып салды. Бөрікін қолына алып бұлғап тұрған шалдың жасаураған көзінде мүйізді жаңа көзілдірік күн сәулесімен жалтырайды. Ол әбден ұзап кеткенге дейін, катер үстіндегі Жәкеннің ықшам денесін, бұлғаған кішкентай қолын айқын көріп тұрды.

А. Құдайбергенов.

Маңғыстау ауданы.



ЖИДЕЛІ ТОҒАЙДА

Әңгіме

— Кеттік пе, Әшім? — деді Қарлығаш қолындағы талдан тоқылған корзинкасын бұлғартатып.

Аяғына қасықтай ботинкасын, үстіне тізесінен сәл төмен түсетін көк жапырақ түстес гүлді көйлегін киіпті. Басында да былтыр пионер лагеріне барғанда апасы тігіп берген ақ қалпағы.

Олардың ауылы тоғайдың етегін ала, қатарласа қонған. Тоғайдың шығыс жақ бөлігі көктемде өртке шалынып, қара күйік болып, тек бұталары ғана сидиып қалған. Қасына жолап кетсең, үсті-басыңды күйелеп жібереді.

Тоғайдың ауылға тақау екінші бөлігі өте жақсы.

Қазір күз айы. Жиденің мейіздей қоңыр, дәмді болып піскен шағы. Әсіресе жаңбырдан кейін ісініп, аузына салғанда бал татып, тілді үйретінін айтсаңшы.

Кешегі уәде бойынша Қарлығаш пен Әшімнің жиде теруге шыққаны осы.

— Ең көп жеріне барамыз ба, Қарлығаш?

— Жоқ, бергі ауыл жақ шетінен тереңік. Әжемнің бағана не дегенін естіген жоқсың ғой.

— Не деп еді?

— Тоғайдың алыс түкпіріне бармаңдар, онда шайтан болады дейді. Олар бар ғой, Әшім: қыз, бала, ешкі, тауық сияқты болып келеді дейді.

— Ендеше, танымайтын біреу кездесе біз ермейміз.

— Ол кейде өзіміз танитын балалар болып та келеді. Анау бөлек тоғайды өртеген солар дейді. Рас па екен? Сіріңкені қайдан тапқан?

Әңгімемен олар тоғайға да жетті. Көктемде қорғасындай, бұлт түстес жиде жапырағы енді сарғайыпты. Көз тартатын қара мейіз, мәуелеп өскен бұта сәл ғана иіледі.

Бұлар келе іске кірісті. Бұтаның әлділеуіне шығып алып, арқасын тік өскен ашаға тіреген Әшім, Қарлығаш ұстап отырған корзинкаға жиде теріп салады. Қарлығаш

жидені тісімен жұлып жейді. Әшім де аңдасаңда аузын жеміспен толтырып, дәнін ытқытып жібереді.

Бұл тал түс еді. Ауа құбылып, солтүстіктен соққан қапырық жел тынысты тарылтты. Аспан ала бұлттанып кетті. Сәлден соң жаңбыр себелей бастады.

— Түс, Әшім, жиде түбіне паналай тұрайық. Бұлт онша қалың емес қой, өткінші болар, — деді Қарлығаш.

Олар төмен түсті. Корзинасын ортаға қойып, бұйығын, үнсіз отырды. Жиде жапырағына тиген тамшы сытыры жиілей берді. Қарлығаштың алдында құмырысқа илеуі бар екен. Олар да жауын болғанын сезгендей бидайықтың, шенгел қоңырауының дәнін ініне тасиды.

— Қарлығаш, құмырысқалар қалай күшті, ә?

— Олар ақылды, әрі батыр. Аңада мен біреуінің жолын бөгеп ем, жәбірлегенімді сезіп қалғандай, басқалары жабылып, аяғымды шақты. Өзім ұялып қалдым. Кіп-кішкентай боп ап ұйымшыл-ақ және қорықпайды.

Жаңбырдың басылар түрі көрінбейді. Жиде жапырағы суға малынды. Шайырлары қолға жабысып, айырылмайды.

— Әшім, үйге кетейік те, кейін келерміз, — деді Қарлығаш. — Денем тітіркен тоңып барам. Салқын болып кетті ғой.

Осы кезде жақын маңдағы тоғайдың өртенген бөлігінен шенгелдің сыбыр еткені естілді. Алғашқыда аңдамаса да, кейін елеңдесіп қалды. «Бұл не екен? Ауыл қойлары емес пе» дегендей біріне бірі қарасты. Тұрып, естілген жаққа көз тігіп еді, үсті-басы қап-қара, беттері алабажак біреулер көрінді. Қастарында тазыға ұқсас жіп-жіңішке, көмірдей қара бірдеңе алақтай қарап келеді.

Қарлығаш Әшімнің тасасына жасырына түсті. Бұлар не болды екен, жүрістері де сыбыр, асықпайды. Өздері аңдып келе жатқандай, бұлардан көз айырмайды.

— Кеттік, — деді сыбырлап қана Қарлығаш. — Мынау басқа бірдеңе шығар.

— Басқа не болады?

— Мысалы, шайтан!

— Шайтан!

Екеуі де үрейленіп, ата жөнелді.

— Қарлығаш, қайда барасыңдар, тоқтандар,— деп дауыстады әлгі екеудің бірі,— бірге барамыз ғой ауылға.

— Бізден неге қашасыңдар, тимейміз сендерге,— деді тағы бірі. «Шайтан»,— деп ойлады Қарлығаш, әжем айтқандай болды. Олар бізді алдамақ. Күн жаңбыр болған сон танымайды деп жүрген ғой.

Қорзинканы Әшім қолына алды. Қарлығаш алда, ол соңынан еріп, қалың мияның арасында жалғыз аяқ соқпақпен жүйткіп келеді. Артына қарауға мұршалары жоқ. Жол бойында өскен биік миялар жапырыла жолды бөгеп, шенгел біткен етегінен тартып жібермейді. Оның үстіне өлеңнің түбіне паналаған бөдене абайсызда пыр етіп ұша жөнеледі де, үрей үстіне үрей қосады.

Әне, ауыл да көрінді. Бірте-бірте қорқыныш та сейіле берді. Олар ентіккен бойы үйге енді. Үйде ешкім жоқ...

Біраздан кейін есік алдынан тықыр естілді де:

— Қарлығаш, бізден неге жасырындыңдар. Мынаны көрдің бе,— деген Азаматтың дауысы естілді.

Оны іле қостаған Бостан да:

— Таңертең отардан бөлектеніп, өртенген тоғайда қалған екен, суға әбден малшыныпты. Біз ауылға жеткіземіз деп шаршадық,— деді.

Есіктен сығалаған Әшім, өздері рас айттып тұр ма дегендей, Қарлығашқа қарады да:

— Енді шайтан болса да адастыра алмайды, үйде отырғамыз жоқ па,— деп құлағына сыбыр етті.

— Сендер неге үндемейсіңдер? — деді Бостан.

— Өздерің рас Азамат, Бостансыңдар ма? Берірек жақындандаршы,— деді Қарлығаш іштен.— Қастарыңдағы шын ешкі ме?

— Танымай тұрсыңдар ма бізді? Өтірік ешкі бола ма? Көрініп тұр ғой, ойыншық еместігі.

Екеуі есіктің ілгегін ашып тысқа шықты. Мүйізсіз шұнақ ешкінің ұзын, түбітті жүндері едірейіп-едірейіп кетіпті. Тегі сілкінесе керек.

Олар күліп жіберді. Азамат пен Бостан бұлар неге мәз болып тұр дегендей аңтаң. Азамат ренжиін деді. Аузын бүртитып Бостанға:

— Жүр, Бостан, бұлар күле берсе үйге кетейік,— деді. Олардың ашуланғанына Қарлығаш тағы күлді:

— Жоққа сене беріңіз-ау. Әжем ертегішіл ғой. Оның шайтан дегені де ертегі екен,— деді.

Д. Сапаров.





ОЛАРДЫҢ МАҢЫЗДЫҒЫ

Н. Вирта.

IV. КОЛЬТ ҚОЙМАНЫ ҚАЛАЙ САҚТАП ҚАЛДЫ

Кольтты бізге соғыстың ең аяқ шенінде алып келді. Мен өз өмірімде иттердің талайын көріп ем. Ал, мынау ит маған бір кереметтей боп көрінді. Ұзын тұрқы бұзауға таяу бар. Басы үлкен, ақылға біткендей қой көзді. Түсі ақ, қалың бұйра жүндес ит.

— Ия, бұл ақ аю! — деп менің қызым айтқандай, расында нағыз ақ аю сияқты еді.

Мұз мұхитын мекендеушіге шынымен ұқсайтын. Бірақ, шыққан жері оңтүстік еді. Турасын айтқанда, Кавказ болатын. Кавказдық қасқыр иттің тұқымы еді.

— Соғыстан бұрын, — деді Кольтты бізге алып келген солдат, — бұл ит қойшыларға серік болып тауда қой күзетіп жүретін. Кейін соғыс ісіне алынды. Күшік кезінің өзінде-ақ ақыпды, түйсігі моп болатын. Қойшылар оны жақсы көріп, қадірлейтін. Кольттан артық күзетші оларға таптырмайтын. Бірақ, ол да майданға керек боп қалды. Майданда иттер де көп болды. Олар да бізге жәрдемдесті. Кейбіреулері бізбен бірге барлауға барды. Екіншілері ұрыс болған жерден жаралы солдаттарды тауып алып, соларға алғашқы жәрдем көрсетті. Үшіншілері мойнына жарылғыш заттар байланып жау танкілерінің астына түсуге үйретілді. Соғысқа кірместен бұрын әуелі, иттерді үйретіп шығарады. Әрқайсысы өз ісіне үйретіледі. Бұл маңызды да қиын жұмыс. Әрине, иттердің зеректігіне де байланысты болады. Өзіне не істе деп тұрғанды ақыпды ит лезде түсінеді. Кольт соғыс қоймаларын күзету ісіне үйретілген еді. Жақсы үйренді. Бір жылдан кейін оны питомниктен алып майданға жіберді...

Солдат өз әңгімесін тамамдап бітпеген де еді. Менің кішкентай ұлым Андрюшка Кольтты әкелген бөлмеге кіріп келді. Ол со кезде бір жастан жаңада асқан болатын. Кілемнің үстінде жатқан дәу итке ол қорықпай жетіп барып, құшақтай алды. Кольт Андрюшканың қолы мен бетін жалады. Яғни баламен ол бірден достасып кетті.

Асылы, баланы жек көретін ит жоқтың қасы ғой. Кольт Андрюшкадан жанын аямады. Андрюшка не істесе де, ол соған көне берді, ал үлкендерге бұлай көнбейтін. Тіпті, өзінің иесі, маған да көнбейтін. Мәселен, құйрығынан ұстаса. Кольттың жаны шы-

ғып кете жаздайтын. Ал, Андрюшка ұстаса, оған тимейтін. Рас, мен балаға итті көп мазалатпай қорғаштаумен болдым. Өйткені, ол не біледі, өлдеқалай иттің бір жерін ауыртып алуы мүмкін ғой.

* * *

Кольтты әкелген солдат оны маған үйретіп еді. Бірақ, солдат кеткен соң, Кольт жатырқауға айналды. Ол тамақ ішпей, тұмсығын дәу табандарының арасына тығып алып, күні ұзаққа тапжылмастан жата берді. Көздерінен қатты қайғының ізі көрінді. Қасына ересек адамның бірі барса, ырылдап қоя береді. Ол күндері Кольт өзінің жанына Андрюшканы ғана жолатып, сонымен ғана ойнады. Рас, онда да сүлесөк болды.

Ит бізге көпке дейін үйрене алмады. Ол мені, менің үйшімді жақсы көрді деп айта алмаймын. Ересек иттердің жаңа иесіне үйреніп кетуі сирек болады, ол оңайға түспейді. Мұны мен әуелде-ақ айтқанмын. Оның үстіне Кольт жалғыздықты тәуір көретін жатбауыр еді. Дачаның алдындағы ағаш көлеңкесінде мүлгіп жата беруге жалықпайтын, бойынан күн өтіп кеткенде ғана орнынан әрең тұрып, басқа жерге барып, қайтадан жатып ұйықтайтын. Ол біздің қай-қайсымызға болсын жайбарақат қарайтын. Еркелетсек, еркелейтін. Бірақ, мен еркелеткенде, ол маған іштей: «Өзіңе қажет болса, еркелете ғой. Ал, мен үшін еркелетпесең де бәрібір» деп тұрғандай көрінуші еді.

Ол ас талғауды білмейтін, не берсең, соны ішетін. Бірақ, ашқарақ емес-ті.

Өзге иттер сияқты, оның абалап үргенін біз ешуақытта естіп көргеміз жоқ. Анда-санда тана бір арс етіп қойғаны болмаса, үрмейтін.

Иттерді көрсе, жыны түсетін. Бір күні, өлдеқалай біздің дачаға көршіміздің бір кішкентай иті келді. Өзі бір қутыңдаған, ойыншып ит екен. Әрине, басқа иттер сияқты, оның да Кольтпен ойнағысы келді. Ол шиыршықталып, Кольтты айнала жүгіріп, оны ойынға еліктірді. Ал, Кольт одан көз айырмай жай қарап жата берді. Бір кезде әлгі иттен ол жалығып кетті білем, арс ете қалды. Сол кезде сояудай тістері де сақ ете түсіп еді, жаңағы иттің бір сирағын әрең жұлып алмады. Сонан кейін ол ит біздің маңымызға даруын қойды.

Мен Кольтпен бірге серуенге жиі шығатынмын. Серуендеп жүргенде, ол кісімен де, итпен де ешқандай ісі болмайтын. Кердең-кердең етіп баяу жү-

ретін. Серуендеп рақат көрмейтін. Өзге иттерге ұқсап жүгіріп қарғымайтын, ешнәрсеге қуанбайтын. Ал, үйге қайтып келгенде, итжатақтың қасына барып жататын да, азаптан құтылғандай бір дем алатын.

Несін айтасын, қызық ит еді.

Оған арнап біз әрі кең, әрі жақсы үйшік жасап едік. Бірақ, Кольт соның ішіне кірмей-ақ кетті. Күн қандай ыстық болсын, мейлі жауын-шашынды болсын, Кольт қашанда үйшіктің қасында жататын, оны үйшіктің ішіне күштеп кіргізе алмайтынсың. Бір жолы мен оны үйшікке еріксіз күшпен кіргізбек болдым. Ол маған ырылдап қоя берді.

Оның мәнісін сол кезде ғана түсіндім. Асылы, Кольт — туғаннан үйшік дегенді білмей өскен ит. Еркін жүріп үйреніп кеткен. Күні-түні күзеткені — қой. Таулы жерде итжатақ дегенді ешкім көрген емес.

Сонан кейін мен Кольтты үйшігіне кіргізем деуді қойдым.

Үйшікті бұлай жек көру оның өзіне сор болды. Бірақ, оны кейін айтармыз.

Кольт суды жақсы көрмеуші еді. Әлде білмей ме (жоқ, құлқы сүймей ме), әйтеуір, ол суда жүзбейтін. Бір жолдасымның көмегімен ғана мен Кольтты өзенге зорлап түсірдім. Оның өзі де онша оңайға соққан жоқ. Кольттың күштілігі сонша, біз екі жігіт оны қарғыбауынан зорға дегенде жібермей ұстап тұрдық. Ол құтырынып, жұлқып кетпекші болды. Кейде жұлқып шығып, артына да қарамастан үйге қарай қашты. Ақыры, біз оны жеңіп, өзенге еріксіз сүйреп түсіргенімізде, оның жыны басылды. Сол кезде, оған күлмеске ылажымыз болмады. Кісінің жаны ашитындай, су ішінде тапжылмай тұрып, қапаланып, ышқына қаңсылап, маған мүләйімси қарайды.

— Әкетай, мынау азабыңнан тезірек құтқара көрші,— деп жалынып тұрғандай болды.

Шомылып болған соң, ол судан оқша атылып шықты да, долдана сілкінді. Біз оның маңынан сонадай жерге қашып шықтық. Өйткені, оның үстінен су фонтанша шашырады.

Әрине, мен Кольттың мұндай мінезінің де себебін білдім. Өйткені, ол тауда туып, тауда өсті. Ал, онда өзендердің ағысы жылдам, суы мұздай, оған мүлде түсуге болмайды.

Өзге иттерден Кольттың тағы бір ерекшелігі бар еді. Ол қойды көрсе, қарап тұра алмайтын. Басқа хайуандармен оның ісі бопмайды. Қойшы көрсе оның қытығына тиеді.

Жазда бір күні мен оны ертіп сейілге шықтым. Алысқа, бір шағын деревняға қарай ұзап кетіп қаппыз. Бір табын сиыр ауылға қайтып келеді екен. Кольт оларға көзінің қиығын да салған жоқ. Сөйтіп келе жатқанда, алыстан көп қойдың маңыраған даусы естілді. Кольт тіксініп, отыра қалды. Мен оның не ойлағанын түсіне қалдым да, оны сүйреп тұрғызуға айналдым. Шынын айтсам, мынау иттен гөрі, жолда жатқан дәу бөренені сүйреп әкету жеңіл шығар. Табаңдап, менің соңымнан ергісі келмеді. Тіпті, болмады!

Сөйтіп тұрғанда, отардан бірнеше қойдың бөлініп, тоғайға қарай тартқанын көзі шалмасам бар ма. Кольт жұлқи жөнелді, мен ұшып түстім, қолымнан ұстап тұрған қарғысы шығып кетті.

Кольт оңтай зулап, бөлінген қойларға лезде-ақ жетті. Қойларды қуып жеткен дәу итті көргенде, таллап тастай ма деп қойшының зәресі ұшып, Кольтқа айғайлай берді.

Ал, Кольттың ешнәрседен хабары болмады!

Әне-міне дегенше, қойларды қуып жетіп, бірекі рет әрс-әрс етті де, оларды екі жақ бүйірінен қуып, отарға қарай айдай жөнелді. Иттің не ойла-

ғанын қойлар түсінді ме, білмеймін. Әйтеуір, олар иттен қорыққан жоқ. Ал, Кольт оларды қуып, айдай берді. Қойларды қосағына қосып, әбден ісін тындырған соң Кольт қуанып, желігіп, өзіме қайтып келді. Қойшы қайта-қайта басын шайқап, бірдеңе деп міңгірледі. Артынан, мынау иттіңді сатпайсың ба, деп сұрады. Әрине, мен сатқаным жоқ. Кольтқа жай ғана ұрыстым. Бірақ, ол менің неге ұрысқанымды түсінді дейсің ба. Өйткені, бұл оның бұрын, тауда істеген әдеттерінің мыңнан бірі ғана ғой...



Қыс келді. Аяз басталды. Мен Кольтты суықтан тоңып, үйшігіне енер деп ойлап едім. Олай болмады! Оның ата-бабасынан қалған әдетін аяз да қойғыза алмады. Ішіне шөл төсеп, ұядай қылып жылытқан үйшікке Кольтты кіргізбекке қаншама оқталсам да, онымның бәрі іске аспады. Кольттың оған кіргісі келмейді, ал керек болса!

Қандайлық қақаған суық болса да, ол ашық далада жатты. Оған менің жаным ашыды, сондықтан, бір күні түнде оны үйге алып кірдім. Сағат он екіге дейін Кольт Андрюшканың кроватиның қасында ояу жатты. Оның басқа ешбір жерге жатқысы келмеді. Ал, мен жұмысымды бітіріп, шам сөндіріп, жатуға айналғанымда, Кольттың қаңсыламасы бар ма. Қаңсылағаны соншама, аянышты болды, мен оны амапсыз сыртқа босатып қоя бердім.

Енді не істеу керек! Үйшігінің қасына бір құшақ сабан төседім. Бірақ, оның да пайдасы болмады. Нағыз сұрапыл аязда ғана Кольт сабанның арасына кіретін, онда да көп жатпайтын.

Қысқа қарай Кольттың жүні өсіп, түсі аппақ болды. Сонда ол ақ аюдан мүлде айнымай қалды!

Әлі де оның бар жақсы көрген адамы Андрюшка ғана болды. Ол, тіпті оның үстіне мініп алса да, көніп жүре беретін. Бала оны ерттеп мінетін де, желкесіндегі қалың жүніне жабысып ұстап алып, иттің



үстінде нағыз кавалеристерше қопандап, шек-сілесі қатқанша күлетін. Әрине, Андрюшка кішкентай болғанмен, оны үстіне мінгізіп жүру Кольтқа жеңіл тимеді.

Сондықтан, мен Кольтты Андрюшка бейнебір қуыршақ ат сияқты пайдаланатындай еттім. Қолдан лайықтап ат-тұрмандарын жасап алдым да, Кольтты шанаға жектім. Бала шананың ішінде отырды. Өзім Кольттың қарғысынан жетелеп жүрдім. Сөйтіп, біз поселканың бір шетінен бір шетіне сапар шектік.

Андрюшка қуанып өлденені соғып отырса, Кольт оған құлақ түріп, оның мылжыңдарын кәдімгідей тыңдап келеді. Кейде балаға жалт қарайды, сонда оның көздерінен күлкі тәрізді бірдененің ізі байқалады.

Иттер де күлуді біледі. Оны менің сан рет байқағаным бар.

Қыс кеткенше Кольт аман тұрмады. Оның жылы үйшікті менсінбеуі өзінің басын жұтты. Оған суық

өтіп, өкпесіне қағынды тиді. Ол басын дәу табандарының үстіне салып, үйшігінің қасында жатқан бойы өлді.

Мен оның бұлай өлгеніне қатты өкіндім. Егерде, Кольт майданда өлсе, оны әскери құрметпен жерлеген болар еді. Қайткен күнде де, оның сондық еңбегі бар еді.

— Неге! — дейсіздер ғой.

Кольтты бізге әкелген солдаттың әңгімесін Андрюшканың бөліп жібергені, мүмкін, естеріңізде болар. Мен Кольттың қандай ит болғанын баяндаймын деп отырып, оның майданда не істегенін айтуды ұмыт қалдырыппын. Яғни сол солдаттан естіген әңгімені айту жадымнан шығып кетіпті.

* * *

Естеріңізде болса — Кольтты қойма күзетуге үйретіп еді ғой. Ол не үйретсе де соның бәрін лезде қағып алды. Ғылым екеш, ғылымды да игеруге болады. Қой күзеткенмен, қойма күзеткеннің не айырмашылығы бар. Әрине, екеуінің де жауапкершілігі мол, бірақ, Кольт оған жасынан көндікті ғой.

Сөйтіп, оған ірі соғыс қоймасын күзету ісі жүктелді. Әрине, Кольт оны жалғыз күзеткен жоқ, сақшылар да болды. Сақшы мен иттің қойманың қасында тұратын белгілі уақыты бар. Сол уақыт өткен соң олардың орнына басқа бір сақшы мен басқа бір ит алмасып тұрады.

Қойма майданға таяу жердегі тылда орналасқан еді. Біздің бір армияның снаряд, патрон және басқа әртүрлі қару-жарақтарының запасы сонда болатын. Көктемде біздің армия шабуылға әзірлене бастады. Түнде қоймаға бірнеше вагондар составы келіп, алдағы ұрысқа қажетті барлық қару-жарақтарды төгіп түсіріп кетті.

Немістер, шамасы, осы қойманы аңдып жүрсе керек. Нағыз шабуылға шығар алдында, жау самолеттері сан рет қойманың үстінде айналып жүрді. Рас, олар тым аспандап ұшты. Ал, қойма болса, жақсылап бүркелген еді. Дегенмен, ұшқыштың көреген көзі нені болсын, көрмей қоймайды. Фашистер қойманы бомбалауға тырысты, алайда, біздің зенитшілер оларды маңайлатпай, қуып тастады. Артынан білсек, жау біздің шабуылға қамданып жатқанымызды сезіп қойған екен.

Асылы, үлкен шабуылға деген әзірлікті жасыру қиын. Немістер, мүмкін, совет әскерлерінің қоймасы қару-жарақпен толтырылып жатқанын сезіп, шабуыл жасар деп құр болжаған шығар. Иә болмаса, соның бәрін тыңшылар тіміскіп білген шығар.

Қалай дегенменде, фашистер қойманы құртуға тырысты. Жау өздерінің осы сұрқия, зұлымдық әрекетін іске асырмақ болған сол түні қойманы екінші кезектің сақшысы мен Кольт күзеткен еді.


Көзге түртсе — көргісіз, қап-қараңғы түнде екі фашист диверсаны қоймаға қарай беттеп келеді. Оларды самолеттен парашютпен түсірген-ді. Олар әр жерде жасырынып жатты да, енді міне, осы түнде өздерінің індерімен шығып, еңбектеп келеді.

Артынан мәлім болғанындай, қойманы сақшының күзететінін фашистер білген екен. Бірақ, иттің барын олар білмейті. Сөйтіп, ит олардың жоспарын бұзды.

Түнде күн желді, әрі бұлтты болды. Осы түнек түнде сақшы мен Кольт, әдеттегіше, қойманы айналып жүрді.

Сақшы сұрлеу жолмен қойманың сол жақ қабырғасын жағалап келсе, Кольт оң жақ қабырғаны жағалап келеді. Екеуі қақпаның алдында түйісті. Сақ-

ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҢҒЫШ СУРЕТШІСІ



Ә. Қастеев.

Әбілхан Қастеев көшпелі қазақ даласында 1904 жылы шаруа семьясында туды. Әкесі Қастей үш жасында өлді де, ол жетімдік-жоқшылық қасіреттің тауқыметін жастайынан тартты. Әбілхан 8 жасынан бастап жалшылықта жүрді. Байдың қойын бағып, өзінен кейінгі інішектерін тәрбиеледі.

Қазақстанда Совет үкіметі орнаған алғашқы кезеңдерінде Әбілхан күндіз мал бағып, кеште ауылдағы сауатсыздар мектебінен оқып, сауатын ашады. Дәптерін қойнынан тастамай жүріп, жас талант қарындашпен сурет салатын болады. 1927 жылы Жаркенттің фотографы Саламатовпен танысады. Әбілханның салған суреттері фотографқа қатты ұнайды. Оның салған суреттері мен тастан ойып жасаған мүсіндерін (арқар, құлжа, қошқар, аттың басы сияқты мүсін нұсқаларын) Қазақстан оқу халық комиссариатына жібереді. 1929 жылдың январында Әбілханды Алматы облыстық оқу бөлімі оқуға шақырады. Жетісу халқы арасында өскен суретші этнограф Н. Г. Хлудовтың (1850 — 1935 ж.) сурет студиясына кіреді.

шы Кольттың маңдайын сипап еркелетті де, екеуі қайтадан жан-жаққа бөлініп кетті. Енді сол жақ қабырғаны Кольт жағалап кетті де, оң жақты сақшы жағалап кетті.

Диверсанттар қоймаға қарай білдірмей, еңбектеп келді де, біраз уақыт тың тыңдап жатты. Бір кезде, жүрген солдаттың көлеңкесін көріп, олар соның артынан еңбектей жөнелді. Олар өте ақырын еңбектеп, сыбырларын сақшыға сездірмеді. Сақшының түбіне осы жетті.

Диверсанттың бірі кенет ұшып тұрып, сақшыны жерге алып ұрды да, қанжармен табанда өлтірді.

Сақшыны жайратқан соң, диверсанттар хауіптенбей, жандары жай тапты. Енді тезірек жарылғыш заттармен қойманы өртеу керек. Сөйтіп, олар соған қамдана бастады.

Бұдан кейін, диверсанттар күтпегендей бір оқиға болды. Оны солардың бірі айтты. Өйткені, ол тұтқынға алынып еді.

— Біз қойманы өртеуге қамдана бастап едік, — деді фашист. — Менің серігім Ганс қапшығының түбінен жарылғыш зат іздеп жатты да, мен жан-жақты байқап тұрдым. Кенет, қайдан шыққаны белгісіз, дәу, аппақ бірдеңе аспанға оқша атылып барып, Гансты бас салды. Әуелі мен ештеңені аңғармадым. Сәлден соң тұншыға қырылдаған бір дыбыс шықты да, артынша тым-тырыс болды. Мен Ганс деп дауыстап ем, ол үн қатпады. Еңбектеп қасына барсам, аппақ көремет бірдеңе көрінді. Ол Ганстың арқасында отырып алып, ырылдайды. Оның ит екенін сонда білдім. Дәу ақ ит. Мен пистолетпен оны өлтірген де болар едім, бірақ атуға қорықтым. Атсам, мылтықтың даусын естіп, жұрт дереу жүгірісіп, істің ақыры сәтсіз болар еді. Итті Ганстың үстінен түсір-

мек болып мен оның құйрығынан шап беріп ұстадым. Ит бұрықғыдан жаман ырылдап, кенет шап етіп қолымнан ала түсті. Саусақтарымды кеміріп, сүйектерін күлдей уатып, жанымды шығарып барады. Қолымды тартып алмақ болып едім, ит күшті екен, жібермей-ақ қойды. Мен қапқанға түстім. Бірақ, мені өлімші қып ұстаған темір қақпан емес, иттің ақсиган азулары. Қолымды тағы бір тартып қалып едім, ауырғаны сәкшалық, есімнен танып, құлай жаздадым. Онан әрі шыдауға болмады. Маған енді не істесе де, бәрібір болды. Тек қолымды босатып алсам, мынау тозақтан құтылсам дедім. Сөйтіп, ендігі бар қайратымды жиып, пистолетімді суырып алдым да, итті басып салдым. Ит қатты әрс етті де, қолымды қоя берді. Тамағымнан алмақ болып шапши берді де, табанда құлап түсті. Мен есімнен тандым. Ояңсам, госпитальда жатыр екенмін.

— Бұл фашистің айтқан әңгімесі, — деді маған Кольтты әкеп берген баяғы солдат.

— Мылтықтың даусын естіген жұрт жүгіріп барды. Айқас болған жерді фонарларымен жарық қылып еді, олар мынаны көрді. Диверсанттың біреуі өліп жатыр — Кольт оның кеңірдегін қиып жіберіпті. Екіншісі де сол жерде сұлапты, қолы мылжамылжа болып, қызыл қанға батқан. Оның қасында Кольт ақырын қиңсылап жатыр. Фашист оның дәл төсінен атып, оқ бір сүйегін сындырып негіпті. Оны емдеп жазды. Бірақ содан кейін ол майданға жарамады. Оны әскери питомникке жіберуге бұйрық берілді. Солдаттар Кольтпен жылап айрылысты.

Міне, Кольт майданда осындай қызмет атқарды. Ол нағыз батыр еді.

Мен оны жиі есіме аламын. Оның тамаша өмірі осылай сәтсіз өшкеніне қатты өкінем.

Әбілхан Қастеев 1934 жылы Қазақстан көркем-өнерпаздарының республикалық 1-слетіне қатынасты. Бұл слетке ұлы көсем Лениннің портреті мен Абайдың «Жаз» деген өлеңінің сюжетімен тамаша пейзажды «Жаз» суретін жасап алып келді. Әбілхан осы екі сәтті шығармасы үшін республикалық слетте бәйге алды. Москвадағы сурет училищесіне оқуға жіберілді.

Әбілхан Москвадағы сурет мектебінде екі жыл оқиды. Көптеген музейлерді көреді. Дүние жүзіне атағы шыққан Репин, Левитан, Иванов, Сельвестр сияқты суретшілердің картиналарын көріп, олардың өмірі және творчестволарымен танысады. 1936 жылы Алматыға келеді. Қазақстан ұлттық галереясы Қастеевтың бірнеше суреттерін қабылдайды. Суретшілер одағына мүшелікке өтеді. 1937 — 1940 жылдар арасында Әбілхан «Колхоздағы конституция күні», «Екпінді поселке», «Колхоз тойы», «Шөп шабу», «Алматының маңы», «Медеу көрінісі» деген көркем суреттер жасайды. Ол халық батыры Аманкелдінің образын тарихи материалдарға негіздеп жасады. Аманкелдінің ешбір суреті қалмаған. Қастеев екі рет (1938 — 1940 жылдары) Қостанай облысына барып, Аманкелдінің жүрген жерін тегіс аралады. Торғай, Татыр, Күйікті аралап, соғыс болған жерді көрді. Аманкелдінің серіктері мен туыстарын, мың басыларын, партизандарын тауып, олармен әңгімелесті. Аманкелдіні жақсы білетін адамдардан сұрап, оның мінез-құлқы, дене мүсіні, бет бейнесі, киім, көркі сияқты портреттерінің бетін аша білуге тырысты. Екі жылғы сапарында Қастеев бір Аманкелді образынан 20 шақты сурет жасады да, соның жиындысынан Аманкелді образын шығарды. Айнымаған Аманкелді болды да шықты. Аманкелдіні көрген адамдар да оның дәл өзі екенін мақұлдады.

Отан соғысы кездеріндегі «Диверсантты ұстау», «Аспандағы айқас», «Неміс танкасының өртенуі» деген көркем суреттер Әбілханның жауға атқан оғы болды. Жаудың ұнамсыз образдарын дәл көрсетті.

Әбілхан Қастеев 1945 жылы Қазақтың ұлы ақыны Абайдың 100 жылдық тойына «Жас Абай» портретін жасады.

Москвада ауылшаруашылық көрмесінде көрнекті орын алған шығармасының бірі «Күрмекті базы» — бүгінгі заманның талабына сай құрылған, көркемдігі мол, өресі биік шығарма.

Қастеев — қазақ арасынан шыққан тұңғыш

пейзажист. Ол суретті көбіне акварельмен салады.

1952 жылы Қытай Халық Республикасының астанасы Пекин қаласында ашылған дүниежүзілік сурет көрмесіне оның «Қыз сату», «Еріксіз некелеу», «Көкпар тарту», «Қырман тойы», «Бие байлау» картиналары қойылды. Венгрияда совет спортшыларының күшін көрсететін «Тау сырғанағы», «Мұз айдыны» картиналары, Иранда «Көкпар тарту» картинасы көрмеге қойылған. Суретшінің туып өскен жері Талдықорған облысы, Панфилов ауданы еңбекшілерінің сұрауы бойынша, 1957 жылдың апрель айында Жаркент қаласында Ә. Қастеевтің сурет көрмесі ашылды.

Москвада болатын әдебиет және искусство онкүндігіне Қастеев он шақты көркем сурет жасап отыр. Оның ішінде: «Тыңдағы трактор агрегаты», «Колхоздың электр станциясы», «Биязы жүнді асыл тұқымды қой», «Таудағы ферма», «Мақталы колхоз» тағы басқа сол сияқты бай сюжетке құрылған көркем суреттері бар.

Н. Оразбеков.



Қыз сату



ӘҢГІМЕ

Балалар

— Шіркін нағыз қыраны екен-ау, қанаты көрдің бе, әрқайсысы жарты кезден астам,— деп ол кісі басын шайқап, тандайын қағып қойды.

— Рас,— деді көкем де құптап.— Көрмеге қойғандай-ақ сабаз.

Бұл сөз менің көңіліме ұялай қалды. Мектепте биология мүйісі бар болатын. Онда көптеген аңдар мен құстар қойылған. Егер мына қаршығаны да сойып, терісіне жүнжүрқа толтырса деген оймен:

Аяғымды ұшынан басып, қысқа бойымды барынша созып қарасам, ұша қуыстаған шөп арасында көгілдір-көгілдір жұмыртқалар жатыр. Қуанып кеттім. Қораптың жиегінен ұстап, тырмысып үстіне әрен шықтым. Санап жіберсем, тоғыз екен.

— Алақай-ай,— деп қуанышым қойныма симай, қолымды шапалақтап жібердім. Менің мұнымды қызық көргендей, көкем үлкен қара мұртын ширата түсіп, күлімдей қарады.

Байсал атаймен үй арасында үй жоқ еді. Әлгінде көкем шақырған соң жүгіріп келе жатқанда ол кісінің есік алдына шығып, кешкі таза ауада дем алып отырғанын көргем. Жай емес екенін сезсе керек, ақырын басып қасымызға келді. Көкем оған осы жұмыртқаларды басып жатқан үйрек арбалы кісіден ұша жөнелгенін, сол уақытта қайдан пайда бола кеткені белгісіз, бір қаршығаның оны іліп түскенін айтты. Көкем арбасынан тастамайтын қосауызын жалма-жан қолына алады. Қаршыға үйректің төс етін жүлмалай бастағанда, таяп барып, тартып жіберіпті.

Көкем қораптың алдыңғы жанынан қоныр үйрек пен көк қаршығаны бірінен соң бірін суырып алды. Байсал атай өткір де имек тырнақтарын айқастыра жұмып, аяқтарын бауырына жинай, сіресіп қалған қаршығаны қолына ұстап көрді. Қанаттарын жазды.



— Көке, қаршығаны маған бересіз бе? — деп сұрадым.

— Оны қайтесің?

Мен ойымды айттым.

— Ә, ол дұрыс. Әбден жарайды,— деп Байсал атай өзі реттеп бермекші болды.

Оған қуанған мен күн қағары мыжырайған кепкамды басымнан жұлып алып, жұмыртқаларды ішіне сала бастадым.

— Дәуренжан, бұлар шайқалған... Сенекте жұмыртқа басып жатқан шұбар тауықтың астына апарып сала ғой,— деді көкем.

Мен жұмыртқаларды сындырып алмау үшін арбадан ақырын түстім де, сенекке зымырай жөнелдім.

Содан біраз күн өтті. Бірде ертемен оянганымда қойкамның бас жағынан «пип-пип-пип» еткен нәзік дауыстар естілді. Көрпемді серіе лақтырып, домалап түстім еденге. Ұмтылып екеуін қолыма алдым. Көбіс тұмсық үйрек балапандары қандай сүйкімді, қарауға тояр емеспін.

Біресе қолыма алып кеудеме басып, біресе еденге жіберіп, қызықтап отырғанымда ашық есіктен үлкен сары мысығым кіріп келді. Жалпылдаған жүніне қарап, атын Сабалақ қойған ем өзінің. Бұрын бұл үйдің табалдырығын арттамаған бөгде «қонақтарды» көрген ол, бірден қалшып тұра қалды. Сарғыш көздері тесірейіп барады. Жіңішке қызылт тілін шығарып, тұмсығын жалайды. Аңсарының неге ауып тұрғанын аңдай қойдым да, жұдырығымды түйіп:

— Байка, Сабалақ!.. Бұзақылық шығарсаң, көресің! — дедім.

Мен үйрек балапандарына ерекше ықылас көрсетіп, мәпелеп күттім. Маған класта әрі көршілес достарым Жұмаш пен Тұрсынбай көмектесті. Үшеуміз қолға қалбыр алып, ауылдың алдыңғы жағындағы «Былқылдақ» атты сулы томарларды кезіп кетеміз. Әкелген кішкентай көлбақаларды балапандар қомағайлана жұтады. Байсал атайдың ақы-



лымен шағын астауға кебекті суға шылап береміз. Жапыр-жұпыр үймелесіп, әбден тойған соң ғана қарындары жер сыза, шартандай басып суға ұмтылысады. Өздері көбінесе менің сонымнан қалмайды. «Балапандар», деген даусым шықты-ақ, «пип-пип-пип» етісіп талтаңдай жүгіріседі. Мен оларға қуана қараймын... Күн асқан сайын үлпілдеп сары мамықтары катаяып, біртіндеп қауырсынға айналып барады... Бұлардың біреуі тентек-ақ. Бірде ұрыншақтықпен байлаулы тұрған бұзауға барып соқтығып, аяғының астында қалды. Мойыны жарақаттанып, содан жазыла келе қыңырлау бітті. Осыған қарап, біз оның көңіліне келер деместен «Қисықмойын» атадық.

Міне, осы Қисықмойынымыз өз бауырластарының басшысы ретінде танылды. Қайда бармасын, бәрінің алдында жүреді. Ұшуға талшынып бірінші қанат қакқан да нақ соның өзі.

Бұл августың іші болатын. Манайдағы

Ақсу, Жалтыр томар, Тірсек кескен сияқты сулы томарларда үйректер жыртылып айырылады. Сол жақтан мылтық күмп-күмп атылады да жатады.

Бір күні бір мотоцикл дүрілдетіп келіп, есік алдында тоқтай қалды. Мылтық асыған екі адам үйге беттеді. Белбеулері үйрекерге толы.

— Дәурен деген бала осы үйде тұра ма? — деп сұрады шолақ былғары пальто киген, қырықтар шамасындағы жауырынды біреуі.

— Менмін, — дедім жүрсегім әлденеге қобалжып. Ол қолындағы үлкен қоңыр үйректі маған ұсынды.

— Мынаны танысың ба?

Балапандардың бірі. Аяғында өз қолымнан кигізген сақинам.

Қолыма алдым. Бүйірін оқ тескен. Қан тиген қауырсындары қатып қалыпты. Қанаттары далдып кеткен... Көзіме жас келді. Ал, аңшылар апама мән-жайды баяндап жатыр. Өздері де әбден қысылулы.

— Кешір, Дәурен, біз білмедік қой, — дейді қынжыла қарап.

Не айтайын, оларда да жазық жоқ. Шынында да қайдан білсін. Сол білмегендіктерінен менің балапандарымның жетеуі-ақ қалды.

Күз аяқталып, қыс түсуге таянды. Жаз бойы жасыл жапырақ жамылған көрікті ағаштар сідан тартты. Жер беті қынаға малынғандай сарғыш шапан киді. Кей күндері,



ертемен, аппақ бозқырауды көресін. Ала жаздай сайраңдаған құстар енді топ-тобымен, бірінің соңынан бірі тізіліп, жымы жаққа кетіп жатты. Төбеден өткен үйректердің көңілді қиқуларын естігенде, менің балапандарымның да өздерінше жауап қатқандарын сан естідім.

Бір күні үйге қарай келе жатыр едім, күнде бұл мезгілде маңайда көзге шалынбайтын балапандарымның есік алдында тұрғандары қатты таңдандырды. Олар мойындарын созып, аспанға елендеп қарасады. Бұрын мұндай әдеттері болмайтын.

— Бұлары несі? — дедім мен қасымдағы Жұмаш пен Тұрсынбайға таңдана қарап.

Бұл екеуі «қайдан білейік» дегендей нықтарын қозғады. Сөйткенше болмай, шоғыр үйрек көрінді. Тез жақындап келеді. Сол-ақ екен, Қисықмойын сілкініп жіберіп, қанатын қомдады. Еңсесін ілгері сала еңкейіп, аяқта-

рын сәл бүге беріп, серпіп қалды. Ол барр етіп, көтеріле жөнелді. Қалған балапандар да бір сәтте дүр етіп орындарынан көтерілді. Өзімді-өзім билей алмай тұра жүгіріп, төрт-бес аттап бардым. Тоқтай қап, қол бұлағам. Даусым жетер дедім бе, шырқата айқайладым.

— Балапандар, қош болыңдар! Жолдарың болсын!.. Келесі жылы үйге қайтып келіңдер!

Балапандар әбден ұзап, бара-бара қанаттарының қалқандары да білінбей, кішкентай жеті ноқатқа айналды. Енді бір кезде көгілдір аспанға сіңіп кеткен секілді жоқ болды.

Олар енді келе ме, жоқ па, оны өздері біледі. Ал, биология мүйісінен көк қаршығаны көрсем-ақ олар есіме түсе кетеді.

Е. Мырзахметов.

Көкшетау қаласы.


СЕН БІЛЕСІҢ БЕ?

Оңтүстік жақтағы теңіздерде керемет үлкен тасбақалар бар. Жергілікті тұрғындар осындай тасбақаларды ұстап алып, оның қабығына әртүрлі жазулар жазады да, қайтадан қоя береді.

1937 жылы Палермо төңірегіндегі Италия деревняларының бірінде тұратын жергілікті адамдар теңізден салмағы 98 кг. тасбақа ұстапты. Бірақ қабығындағы жазуды ешкім айыра алмай, Рим қаласындағы Ғылым академиясына жөнелтеді. Ұзамай оларға жауабы да келеді. Оның қабығына орыс тілінде мынадай сөздер жазылыпты. «Тото деген тасбақамды 1922 жылы 1 апрель күні жібердім. Салмағы — 52 кг. Ұзындығы — 90 см. Тото садиканы (балық) өте ұнатады. Максим Горький, Капри».

* * *

Ағаштың ұнтағы осы уақытқа дейін химия өнеркәсібі үшін немесе отын орнына ғана пайдаланылып келді. Одан үй саймандарын жасау деген ешкімнің де ойына келмеген. Ал, қазіргі кезде Пекин ағаш



өңдеу комбинаты осы ағаш ұнтақтарынан әдемі, әрі берік үй саймандарын жасай бастады. Ағаш ұнтақтарын әуелі кептіреді де, содан кейін оған желім араластырып тезге салып қосады. Осының нәтижесінде жеп-жеңіл әдемі тақтайлар өндіріледі.

Мына суреттегі пистолет емес, фотоаппарат. Мұны Япониядағы бір фирма шығарған. Пайдалануға өте



қолайлы. Шүріппесін тартқан сайын суреттер шыртырт түсіп жатады. Ал, ол уақытта ішіндегі пружина өз-өзінен пленканы айналдырып тұрады. Сөйтіп, бұл фотоаппараттағы 30 кадрды бірінен соң бірін тез түсіруге болады.

Дүние жүзінде ең демі күшті адам итальян әншісі Карло Фаринелли болған. Ол бір нотаны дем алмастан 6 минутқа дейін созып тұра алады екен.

Адам баласы ұстараны бұдан 5 мың жыл бұрын қолданған. Археологтар Месопотамиядан қылпылда-та қайралған өткір тас ұстаралар тауып алған. Бұған қарағанда, ертедегі адамдардың осы тастармен қырығанын аңғару қиын емес.

Чехословакияның бір зауытында салмағы 6-ақ килограмм музыкалық жаңа аспап жасап шығарған. Бұл — «электрлі пианино». Ол кәдімгі пианино шығаратын дыбыстарды бере алады. Пианиноның ұзындығы 60 сантиметр. Мектеп, мәдениет үйлерінде өтетін үйірмелерде пайдалануға өте қолайлы. Тіпті серуендеген кездерде де қолтыққа қысып ала шығуға болады.

ЖОҒАЛҒАН ТҮЙЕ

Ел жатып, көз ұйқыға іліне бере Бердібектің ұялас ала мойнақтары мазасызданып әбігер болды да қалды. Бердібек жатарында үй артына өзі апарып шөгеріп, аяғына тұсау салған қара атан жайсыз бір дыбыс шығарады. Ауыл торыған біреу ме дейін десе, Қайрақты өңіріне бейсауат жүре қоярлық адамның қисыны жоқ.

Жайшылықта мың етіп дыбыс шығармайтын қара атанның жайсыз үнінен секем алған Бердібек киіз үйдің есігін түре сыртқа желбегей шығады. Иесіне арқа сүйеген иттер белес астына қарай жарыса шабады. Бердібек те иттеріне қайрат бергендей:

— Еһу, айт, айт! — деп бір-екі рет айқайлайды. Әлгінде ғана бақ етіп дыбыс шығарған қара атан орнында жоқ.

Дәл осы кезде Өкпеті тауының басынан ойнақшып шыға келген ойнамалы бұлттан найзағай шатырлап түн қараңғылығымен араласып жарқ-жүрқ етіп, үрейлі қорқыныш тудырады. Нөсер шелектен құйып кеткендіктен Бердібектің ендігі ойы қора ортасындағы қойларды аман сақтау болды. Мұндайда жонын жауынның өтіне беріп қой малының ырып жүріп кететін жағдайы да болатынын ол бұрыннан жақсы білетін-ді. шашау шығармастан шоқтай ғып иіріп, жауын толастағанша тыным таппайды. Жаздың қысқа таны бозарып, шығыс жақ қылаң тартып жан-жақ анық көріне бастаған кезде қара атанды қарауылдау үшін Бердібек үй артындағы Орта қайрақты деп аталатын өзеннің жар қабағына келеді. Иірімдеу тік жардың бір бұрылысынан түйенің артқы екі аяғы көрініп жатыр. Бердібек енді бір сәтте кіші-гірім үйілген шөмедедей бос топырақтың астынан қара атанның тұтас денесін табады.

— Ғажап! Інірде ғана өз қолымен тұсаған қара атанның екі алдыңғы аяғындағы тұсау жібі шешілмеген, тек қамшылар жақ бүйірінен тесіп өкпе бауырын суырып алып кетіпті. Ал, топырақ астына көмілуі жөніндегі жұмбақ келесі күні шешілді.

Қайрақтыдан Жүнді деп аталатын тау онша қашық емес-ті. Тарбағатай өңірінде жұртқыш аңдардың, оның ішінде аюдың мекендейтін ордасы осы Жүнді тауы. Жүндіден Қайрақтыға шейін жаздың алғашқы айларында, ел жайлауға әлі көше қоймауына байланысты, еркінсіген аю үй артындағы шөгерулі қара атанды қапсыра құшақтап алған бетте, жерге ұрып, сонан соң өлген түйені сол бетімен көтеріп жардың құлама қабағына апарып, үстіне жар қабағын итеріп құлатып жіберсе керек. Әдетте аю өлтірген нәрсесін жерге көміп, борсытып жейді екен. Міне, түйені жар астына көму себебі де осы болу керек. Ертеңінде ауыл болып көрші қостан кісі шақырылып, түйе көтерген аюды аңдыпты. Өзі көмген жемтігіне аю ел жата оралыпты. Мергендер мылтық атып аюды шошындырмақ болған екен, ол қорқудың орнына жұртқа шабуыл жасапты. Аңшылар аюды атуын атып алды ғой. Бірақ, бәрінен де бізді қызықтырғаны оның күші болды.

Қ. Оразалин.

ТАШБЕНТ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ҒАРСАҒЫНДА

Касморо
(Индонезия ақыны)

БАЛА МЕН ҚҰС

Бала:

— Сарғалдақ! Әсем қанатың
Ғажап бір әнге саласың.
Бірге бол да маған сен,
Барлығын менен табасың:

Ақ күрішті себейін,
Тұнық суды берейін,
Шарбақты әсем жайлайсың,
Күн сайын ән сап сайрайсың.

Таза ауа, мол жарығы
Қамылды сенің ойланам.
Ұнамай ма барлығы
Керексіз бе үй саған?

Сарғалдақ:

Рақмет, балақан,
Тәтті тағам үшін де.
Тоқылған жақсы тор үшін
Қарниз не бақ ішінде.

Мейлі болсын алтын тор,
Жарқырай берсін алмаспен.
Артық болар маған ол,
Көзімді де салмас ем.

Балақан, мұның тым артық,
Лайта алман оны азат деп.
Атайтын біздер аспан деп.
Ұшуға еркін ғажап көк.

Аударған С. Мәуленов.

Мәлік Жаудет Андай
(Түрік ақыны)

КАЙДАН ШЫҚҚАН?

Күн жайынан көп әңгіме естідік,
Мәлім бізге — барады ол да ескіріп.
Қай планет қай жерінде ақау бар,
Зерттегенбіз ержеткен соң ес кіріп.

Не себепті — гүлдер шешек атады,
Кірпі түгі тікенек боп қатады;
Дүниеге адам қалай жаралған,
Көк жиектен ай қалайша батады.
Егістік пен есімдерді кім ашқан —
Бәрі мәлім, бұлардың жоқ шатағы.

Кім тапты екен, қайдан шыққан өтірік?
Авторы оның өлген болар өгі іріп!

Аударған Қ. Жармағамбетов.

Лагерьдегі бір күн



Бүкіл аймақ селт ете қалды. Текелі руднигінің гудок үні таңғы ауаны тіліп өтті. Бір-біріне қойындаса жатқан тау жоталары ұйқысынан жаңғырыға оянды. Түні бойы былқ етпестен мүлгіген қалың буалдыр тұман лезде сөйіліп, еңселі шоқылар сылаң етіп бойын көрсетті. Қып-қызыл балқыған күн отты кірпіктерін қадай қойып еді, қарақошқыл тау бөктері әпсәтте жасыл барқыт шапанын жамылып құлпыра қалды. Күн көзіне шағылысқан тастар күміс қапсырма, алтын алқа тәрізді жалт-жұлт етеді.

Еңбек дабылын қаққан гудок үніне екінші бір үн жалғасты: шағаладай тізілген қала үйлерімен қанаттаса жатқан, сонау әдемі ақ шатырлар арасынан шықты. Сызыла тамылжыған үнінде шаттық пен сергектік нышаны бар. «Тұрыңдар, жас достар, тұрыңдар!» деп тұрған тәрізді.

Бұл «Кенші» деп аталатын пионерлер лагерінен естілген горн үні еді. Әлгіндей болмай лагерь ауласы да аппақ-аппақ май қызғалдағындай құлпырған балдырғандарға тола қалды.

Бір күнінен екінші күні қызықты лагерь өмірі бүгін де тамаша басталды.

Мәуелі ағаш бауырындағы көгалға жайғасқан 1-отряд «Ойлап тап» ойынын ойнап, өзді-өзі мәз-мәйрәм.

2-отряд Мәншүк Мәметованың өмірі туралы кезектесе сөйлеп, ол туралы оқыған кітаптарын талдау үстінде.

Ал, бәрінен де мәрә-сәре болып думандатып жатқан — ең ұсақ балалардан құрылған 3-отряд. Олар орталарына қойылған ағаш үйректің қылдырықтай мойнына шығыршықты кезектесе лақтырып, түсірумен әуре. Енді бір жақта волейболшылар, шахматшылар ойыны жүріп жатыр.

Күн тас төбеге шақырая көтерілген кезде, бүкіл лагерь пионерлері «Тентек» өзеніне келді. Сонау қарлы шыңдардың басынан құлай аққан асау өзен жиегіндегі лып-лып еткен ыстық құмға бауыр төсеп жатқанға не жетсін. Бәрі қызықты, бәрі көңілді.

Бірақ осы күні лагерь бір жағдайсыз іске де тап болды. Түскі тамақтан кейінгі демалыс уақыты еді. Алакебеден басталған сыңғыр күлкі, көңілді ойын думаны тына қалған кез. Тырс еткен дыбыс білінбейді. Бәрі де тәтті ұйқы құшағында. Тек қана орталық штабтан екі-үш адамның күбірлеген даусы естіледі.

Аға вожатый Мария Николаевна Письмактың жүзі сынық. Тұнжырап отыр.

— Кәне, қайсың бастаған бұл «өнерді» — деп, мойындарына су кетіп тұрған үш балаға алма-кезек қарады.

Бірақ, жасаған қателіктерін бірден сыдыртып айтып шығу қай-қайсысына болмасын оңай тимеді. Тырнақтарының көбесін шұқылап, естілер-естілмес міңгірлеп, күмілжи берді. Мардымды ештеңе айтпады. Тек «жазықтымыз» деген сөздері ғана естіледі. Жағдзй былай болған еді.

Діңгек басына күн шыға көтерілген лагер жалауы лаулаған жалындай желбіреп тұрды. Діңгек сақшысы Володя Поляков болатын. Ол осы арадан тапжылған жоқ.

Түскі тынығуға хабар берілісімен оның қасына Юра Стечкин мен Вова Чацкий пайда бола қалды. Арттарына жалтақтауларына қарағанда, ұрланып келіп тұрғанға ұқсайды.

— Не істеп жүрсіңдер? Барыңдар, дем алыңдар! — деп олардың сыңайын аңғара қалған Володя дүрсе қоя берді.

Әшейінде шақ ете қалатын шақар Вова оның сөзін елеген жоқ. Қибыжықтай келіп, жалына бастады.

— Володя, Володя, дос болсаң бір рет қана рұқсат етші. Өмірімде жалауды көтеріп көрген емеспін!

— Володя, мен де бір-ақ рет көрейін жер рәй ма? — деп Юра да екінші жақтан жабысты.

— Жоқ, болмайды. Кетіңдер, әйтпесе бүкіл лагерьді оятамын, — деп Володя жуытпады. Бірақ әбден ынтығып тұрған Юра мен Вова айналшықтап, ұзамай қойды. Енді Володя да оларды аса қумады. «Мейлі, бір рет көрсе, көрсін» деп, достарының көңілін қалдырғысы келмей, қасына шақырды.

— Келіңдер. Тек айғайлаушы болмаңдар, — деп ескертті де, — мына өрме сымнан ұстап тартасыңдар. Аса қатты тартпаңдар, — деп үйретті.

Юра мен Вованың қуаныштары қойнына сыймай, екеуі бірден өрмен сымға шап берді. Діңгек басында желбіреген жалау әлгіндей болмай сыр етіп төмен түсті, сыр етіп жоғары шықты. Бірнеше рет қайталанды. Жаңа бір-ақ ретке келіскен Володя енді бәрін ұмытты, мез-мәйрәм болып күліп, «Лагерь туын жоғары көтер! Төмен түсір! Жоғары, төмен!» деп өзі команда бере бастады. Көз ілеспей сырғыған жалау жылдамдығы бұларға тіпті баяу секілденді. «Жылдам, жылдам!» деген Володя шыдамы жетпей ана екеуіне қосылып та кетті. Енді сымды үшеулеп тартты.

Бір кезде жұлқи тартқан сым төмен қарай оқыс зыр айналды. Әлде не тарс ете қалып, жоғары көтеріле берген жалау бағандың үстіне келіп түсті.

Володя сымды қайта тартып көріп еді, етпеді. Үшеуінің де көздері шарасынан шығып, бір-біріне үрейлене қарады. Әлгінде ғана діңгек басында желбіреген қызыл жалаудың енді орнында жоғын көргеніштері мұздап кетті. Лагерь жалаудың маңызы туралы өткен әңгіме естеріне түсіп, қалшып тұрып қалды. Енді бүкіл пионерлер алдында не деп жауап бермекші.

Я, олар түскі демалыстан кейін қаз-қатар тізілген лагерьдегі бүкіл достарының алдында да бастары салбырап үнсіз тұрды. Не деп жауап берсін. Өздерінің 2-отрядтарындағы балалардың жүзіне де қарауға бата алмайды. Жер шұқығаннан басқа амал қалмады.

Олардың тәртіпсіздік қылықтарын қарау дружина Советіне жолданды.

Бірақ, онымен қутылуға болмайды ғой. Кезекші 2-отряд бұзылған діңгектің сымын қайта жөннеді.

Бұл күнгі бір үлкен қолайсыз істің болғаны демесе, жалпы, уақыт қызықты өтті. Лагерь күндерін санап боямайды. Бірінен бірі көңілді.

Әнекей, күн етекке қарай еңкейіп, ұясына еніп барады. Тау бөктерінің реңі қайтадан сұрланып барып қара шапан жамылды. Биік шыңдар сұстия қарап, төне қалды.

Осы уақытта лагерь ортасынан көтерілген жалын тілі, қою түнді қақ айырып, көкке шапшыды. Костер айналасында алқақотан отырған балалар даусы тау жоталарын жаңғырықтырып жіберді. Маңайдағы қалың тоғай жапырақтары шаттық әнді қошаметтегендей алақандарын соға бастады. Қарлы шыңдардан құлай аққан тау бұлағы да әдемі әнге үн қосып, сыңғырлап ағып жатты.

Сөйтіп, лагер түні басталды. Бұл кезде жарқын жаздың тағы бір қызықты күнінің аяқталғанын хабарлап, діңгек басында желбіреген қызыл жалау төмен сырғыды.

Ал, алаулай жанған костер айналасындағы пионерлердің шырқата салған әні сонау алыстағы тау ішінен ұзақ уақыт естіліп тұрды.

С. Жүнісов.

Текелі қаласы.

МОЙНАҚ

ӘҢГІМЕ

Қаланың батыс жақ шетінде үлкен көк шатырлы үй болатын. Бөренеден түйіп салған бұл үйдің көшеге қаратып салған терезесі жоқ. Сондықтан ба, қашан қарасаң да сырты тым көңілсіз, жабырқау көрінеді.

Оған жапсыра салған кішкене, кірпіш қора үңірейіп, көше жаққа қарап тұратын. Айналасы шарбақпен қоршалып, тақтайлары көк сырмен боялған. Ішінен баланың ойнап, шулаған дауысы да естілмейді. Рас, түскілікте жылт етіп қолына қызыл доп ұстаған мектеп жасындағы бір баланы байқап қаласың. Ол: «Мойнақ, кә, кә!» — деп бір иттің атын атап шақырады. Сөйткенше болмай, оған Мойнақ қосылады. Бірі қашса, екіншісі қуып, әлекке түседі. Кейде, қара күшік баланың аяғынан тістеп, жәбірлеп те жібереді. Бірақ, екеуі қайта татуласып, ойын қайта басталады.

Осы қызық көрініс, үйден Есенді шақырған дауыс естілгенше қайталана беретін де, содан кейін ол көзден ғайып болатын. Есенде, Мойнақ та өз жайымен кетіп, тек қана домалап барып тыныштала қалған қызыл допты көресің.

Не керек, күн өткен сайын Есеннің осы күшігі дүрдіп өсіп, азуы таяқтай, үлкен төбет болуға айналды. Ауланың ішіндегі ойындар жайына қалды. Мойнақ ерте кетсе, үйге кеш қайтып, тіпті, кейде екі-үш күнде бір оралып қана соғатын болды.

Міне қызық, бір күні қораның үңірейген тесігінен дөкей қара төбет қарғып жерге түсті.

Жүрісінен тамағы тоқтықпен қатар ірі менмендіктің нышаны білінеді.

Дәл алдынан үйірін қорғаған қаз шыға келді. Кеудесін көтеріп, мойнын созып алды да, айбатпен борсаңдап қарсы жүгірді. Оның бұл шабуылын қара төбет елең қылмаған соң, қаңқ-қаңқ етіп кейін қайтты. Үйірімен шұрқырасып, қайта табысқанға мәрәсәре.

Ит орнына келіп иірілді де, тұмсығын шабына тығып жатты. Жатты да, қалың ойға батты.

Әуелі бүгінгі ішіп шыққан тамағы есіне түсті. Күндегідей емес, зор қиыншылықпен кірді.

Әсіресе, бұрыштағы ағаш ыдысқа құйған ақ нәрсенің тәттісін-ай деп қойды. Тілмен жалай берсең болды, үзілмей жіпше созылып, аузыңа өзі келе береді. Шіркін! Неше түрлі тамақтар көп-ау! Ет, май, нан дейсің бе, не керек, бәрі де бар. Ана, ақ заттың аты қалай қиын-ақ! Я, алғаш татқан асым шығар, сірә?!

Иттің көз алдынан бірінен соң бірі тізбектеліп өтіп жатты. Қаймақты қанша мақтаса да, ет шіркіннің жолы бөлек қой. Алдымен жылжып, бірінші болып сол ет, соңынан көзін қызықтыра қаймақ, май, домалап бауырсақтар кетіп барады. Тағы бірдемелер жыбырлап кетті. Басы ақырын басталып, соңына көз ілеспейді. Шынымен, қызықты. Қарсы алды бұлдырап, көрінбей сырғанады. Енді оны ыза көрнеп, ашу қысты.

«Бұл қалай? Жемегенім көп болып кетті ме?» деген дей, жылжып жатқан біреуін шетінен қауып қалды. Болмады. Тауаны шағылып, тісі-тісіне сақ етті.

Мойнақ қос ұртын кере ашып есінеп, қыңсылайды. Есіне өзі істеген жұлып қашпа жағдайлар мен үрейлі оқиғалар түсті:

Әлі есімде, ана жылы кішкене баланың қолындағы етін тартып жеймін деп, бармағын тістеп алдым. Терісі сыпырылып, қаны судай ақты. Оған аузым да толған жоқ, бір-ақ жапырақ ет. Қалай қызықпассың, исін шығарып аулада жүреді. Кездесіп қалған соң қамтып қалуды ойлайсың.*Сөйтіп пәлеге қалғанымды айтсаңшы! Со жылы мұртты адам мылтық алып, соңыма түсті ғой...

Тағы біреудің үйіне кіргенімде, таяқпен қуғаны бар емес пе? Аяғыма таяқ тиіп ақсап, өзер дегенде қашып құтылғам. Сондағы қуған баланың жүйрігін-ай!..

Қойшы, неше түрлі қиыншылықтар бастан кешілді.

Қой, біраз тынығып алайын, деп көзін жұмып бұйыға түскенде:

— Мойнақ! — деген дауыс шықты. Жалт қараса өзінің Есені. Аяққа жуынды құйып тұр. Сүйретіле барып жалап көріп еді, су татиды. Орнына қайта оралды.

Көп уақыт өтпей-ақ қорада шулаған, біреудің айқайлап ұрысқан үні шыға бастады. Сөйткенше болмай, үйден зып беріп Есен, соңына ілесе бөтен бір әйел жүгіре шықты. Балаға жете алмасына көзі жеткен соң, нешәтүрлі сөздермен жер-жебіріне жетіп ұрсып жатыр.

Бұл шудың көтерілуіне Мойнақ себепші болса да, алаңсыз. Тіпті тұмсығын көтеретін емес, жайбарақат, жағасы жайлауда.

Осылай басталған көк үйдің дүрмегі көпке дейін басыла қоймады.

II

Иттің тойған жеріне келгіштейтін әдеті ғой. Алда хауіп барын білсе де, дәндеген әдет жүгенсіз жетелеп, болмашыға итереді. Біздің Мойнақ сол жағдайға тап болып, үйреншікті әдетке баса берді. Ауру қалса да, әдеті түскір қалар емес. Тағы да баяғы қораға көзді жұмып сып бермесі бар ма.

Тұмсығы үйренген асқа тие бергенде, қай жақтан сарт ете түскенін өзі де байқамай қалды, жұдырықтай кесек тас құлақ шекеден сарт етті. «Ойбай, шекем!» деп қаңқ етті. Сасқаны сондай, арт жаққа бұрылуға да мұршасы болмай, тесіктен ытып-ақ шықты.

Соңынан бір топ бала тасырлатып қуып келе жатыр. Үлкен тастар біресе тұмсықтың тұсынан, біресе жанынан өте шығады. Жығылған үстіне жұдырық дегендей, қара төбеттің соңынан бір топ бөтен иттер де қуып берген. Мойнақ кілт тоқтай қалғанда тақымдап келе жатқан ірілі-ұсақты бірнеше иттер, тиісуге бірден бата алмай, ағып өтіп, қайта оралып жатыр. Ол әрқайсысына бір-бірден арс-арс етіп алды да, аузын ыржитып, тұмсығын тыржита қойды. Көзінің қиығымен үй жаққа қарап қояды.

Тоқта! Біреу көрінді ғой?! Бұл кім? Есен емес пе. Я, дәл өзі! Асығыс жүгіріп келеді. Атымды атайды, кешірген болуы керек. Жылы шыраймен келеді...

Мойнақ қутындай бастады, бүктетіле бұралып, құйрығын бұлғайды. Ентелеп Есен де жетті, жеткен бойда Мойнақтың сол қолымен басын сипай бере, оң қолындағы солқылдақ шыбықпен осып-осып жіберді де:

— Мә, саған, істеген қылмысың үшін,— деді. Төбеттің қаңқ өткен дауысы бір-ақ естіліп, қаша жөнелді. Бытырап тарай бастаған иттер қайта лап қойды, бір-екеуі тақымнан тістеп те үлгерді. Мойнақ сол кеткеннен қарасын өшірді. Тек, «көзім, шекем» деген екі сөз бірге ілесіп бара жатқандай.

Мойнақ көп жерді аралай келіп, көп халықтың ортасына кірді. Дуылдаған жұрттың арасына түскен Мойнақ жалтақтай қарап, таяқ жеп қалмаудың амалын қарастырып шарқ ұрып жүр. Тосын дыбыстан кейде шошып кетіп жалт бергенде, әркімді сүйкеп өтеді. Қыбырлаған жан оған қастық ойлап тұрғандай көрініп, үрейін ала берді. Олай-бұлай өтіп жатқан адамның көлеңкесінің өзі тыныш кетпей, үстінен түртіп қалатындай елең еткізеді.

Уа сұмдық, құбыла жақтан мылтығын көлденең тартып мұртты адам тақалып қалыпты ғой. Бүйірден кебісін сүйрете тарпылда тып кемпір жүгіреді. Қасына ерткен баласы бар, қолында таяқ. Сөйткенше болмай, екеуі қосылып бір кісідей көрінді де, бөтен болып кетті. Мойнақ ата жөнелді.

Бұл уақытта оған қарсы келе жатқан машина жермен емес, ауамен қалықтап, жоғары көтеріліп бара жатқандай болды.

Төбет келе жатқан машинадан «бұрылып қаламын» дегенше болмады, қағып кетті. Екі бүктеліп аунап түсті де, екпінімен домалап, арық жиегіндегі ағашқа соғылды. Естен айырылды. Бөксе жағы жансыз, белін қақ бөліп кесіп әкеткендей. Әрбір өткенге жалынышпен қарауға ғана мұршасы бар, ал қозғалатын дәрмен онда жоқ.

Сонда да қасына жиналған топқа ұрлана қарап, мұрттыны іздейді. Ол кездессе өлтіріп кетуі де ықтимал, содан қорқады.

Келесі күні Есен келді. Ол әуелі үндемей ұзақ тұрды да, кенет басынан сипады:

— Өз обалың өзіңе, «ұрлық түбі — қорлық» — деді де, кетіп қалды.

Төбеттің қолынан келері—қыңсылау. Қозғалайын деп еді, оған күш қайда. Тырп етпестен жатып қалды.

Кешкілікте Есен қайтып келсе, ит өлген екен. Тұмсығын қабырғаға тірей құлапты.

ЖҮМБАҚТАР

1. Көктем келсе киініп,
Көзді тартар шешегі.
Күз келсе егер шіліп,
Еріксіз кім шешеді.
2. Қарасаңыз басына,
Солдесін алған аранып.
Айқайлайды асыға
Елден бұрын оянып.
3. Денесінде жаны жоқ,
Су бетінде салқындайды.
Балыққа егер кездессе,
Оны сізге айқындайды.

Ж. Тұңғышбаев.

Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Ленин атындағы совхоз, № 29 қазақ орта мектебінің оқушысы.

А. Сағындықов.

Мүйізді түйе



ЕРТЕГІ

(Халық аузынан)

Ертеде бір шаруа болыпты. Оның мал дегенде жалғыз аты, бір сиыр, бір түйесі бар екен. Ол сиыры мен атын бос қоя береді екен де, түйесін үйінің маңында арқандап бағады екен. Өйткені, ол кезде түйе өте жүрдек болса керек. Ол көкорай шалғынды қуып, ауылдан алысқа ұзап кетіп қала береді екен. Бос жүріп, еркімен жайылған сиыр мен ат күйлі болады да, түйенің қоңы төмен болады. Бір күні түйе иесіне келіп, өзінің өкпесін айтады.

— Сіз сиыр мен атты жақсы көресіз. Олардың еркімен жайылуға оты мол, суы мол жерге жібересіз де, мені үй маңынан ұзатпай, арқандап қоясыз. Мен көтерем болып өліп қалсам, көшкенде жүгіңізді кімге артпақсыз? — дейді.

Шаруа түйенің бұл сөзіне қарсы дау айта алмайды.

— Ол айтқаның рас, түйем, сені қасқыр жеп қоя ма деп қорыққандықтан ғана үйдің қасынан шығармай ұстап отырмын, — дейді.

Түйе әлсіздігін өзі де мойындайды.

— Ия, — дейді ол, — бойым бәрінен үлкен болса да, жануарлардың ішіндегі ең дәрменсізі мен екенім рас. Ешкі мен сиырдың жауларына қарсы жұмсайтын құралы — үшкір мүйізі бар, жылқының тастаң қатты тұяғы бар. Менің қорғанатын, қарсылық көрсететін ешбір қаруым жоқ, сондықтан мен түрлі жыртқыш аңдарға оңай жем болам. Сіз менің басыма бір жақсы мүйіз қондырып берсеңіз, мен де жауыма қарсыласпай берілмес едім. Жыртқыштардан көп жасқанбай, мен де оты мол суы мол жерге барып жайылар едім.

Шаруа бұғының бір ескі мүйізін тауып алып, ұшын әбден өткірлеп қайрайды да, түйенің басына мықтап орнатып береді. Енді түйені бұрынғыдай арқандамай, бос жіберетін болады.

Түйе ешкімнен қорықпай, оты мол, суы мол жерлерді іздеп жүре береді.

Мүйізді түйені көрген хайуандар батылы барып оған жақындамайды. Олардың арасында: «Осы жерде бір хайуан пайда болды, сырт пішіні түйеге ұқсайды, бірақ өте үлкен тармақ-тармақ мүйізі бар. Барлық аңдардың ішіндегі мықтысы сол екен» деген қауесет тарайды. Бір күні түнде мүйізді түйе жусап жатса, қасқыр келіп, кәдімгі түйе екен деп бас салмақ болады. Түйе мүйізімен қағып қалғанда, мүйізі қорсетіп қасқырдың ішіне кіріп кетеді. Қасқыр қаңсылап, шегін шұбатып қаша жөнеледі. Ол басқа қасқырларға айтады. Содан былай мүйізді түйеге жақын келуге батылсынған қасқырлардың да жүрегі дауаламайтын болады. Ал, аю болса, ол күшті болғанмен қорқақ келеді ғой, мүйізді түйеге жақын жуымай, сырттан ғана бақылап жүреді.

Бір күні түлкі қасқырға келеді де:

— Қасеке, сіздің қорқып жүргеніңіз кәдімгі түйе ғой. Тек басына бұғының мүйізін қондырып алған. Содан неге сонша үрейлендіңіздер. Мен қазір аюға барып айтайын, кешке үшеуміз баралық, — дейді.

Кешке аю, қасқыр, түлкі үшеуі ақырын басып мүйізді түйеге келеді. Мүйізге сеніп батыл болып алған түйе жауларына қарсы тап бергенде, бәрін бастап келе жатқан түлкі қаша жөнеледі.

Қасқыр да зытып береді. Бірақ, оны түйе қуып жетіп, мүйізімен іліп алып, жерге бір-ақ соғады. Сол кезде, қалтарыста жасырынып тұрған аю шыға келіп, шап беріп түйені мүйізден ала түседі. Мүйіз жұлынады, аю да құлайды. Өз күшіне әбден сеніп қалған түйе аңды орнынан тұрғызбай, қабырғаларын күйретіп өлтіреді.

Сөйтіп, бұл шайқаста түйе жеңіп шықты. Бірақ, ол мүйізінен айрылды, сонымен бірге, өз күшіне сенімін де жоғалтты. Ал, түйенің ұрпақтары бұрынғыдан да қорқақ, дәрменсіз халге түседі.

Бұрынғыдай оты мол жерді де іздемейтін болады. Шенгел мен тікен жеп, қанағат қылады. Содан бері су іздеп те алысқа бармайды. Бірнеше күн су ішпеуге төзетін болады.

Сөйтіп, түйенің көнбістігі оның қорқақтығынан туса керек.

Б. Тайменкеев.

ҚАБЫҚТАН, ПРОБКАДАН ЖАСАЛҒАН ОЙЫНШЫҚТАР

Ағаш қабығынан және пробкадан нешетүрлі ойыншықтар жасауға болады. Ол үшін бөкі, кішкентай ара және желім қажет. Жасалған ойыншықтарды түзеп-қырнау үшін егеу болғаны да жақсы. Бұлардан басқа машинаның доңғалағын, столдың, хайуанаттардың, құстардың аяқтарын жасау үшін сіріңке шырпысы болуы керек. Қайықтың желкеніне боялған қағаз да жарайды. Ал, құстардың қанат, құйрығына тауықтың, қысқа қауырсынын пайдаланған жөн.



Суреттердегі ойыншықтардан олардың қалай жасалу жолдарын аңғару қиын емес. Бірақ, жасалған ойыншықтарды әдемілей түсу үшін кейбір қажет нәрселерді айта кетуге тура келеді.

Шахмат тастары ақ және қарамен боялады. Ал хайуанаттар мен құстарды әдемілеуге желімді қолдану керек. Мысалы, пілдің денесіне түгел желім жағып, оның үстіне ұсақ құм себіледі. Ит, түйе, мысыққа да осылай желім жағылып, сыртына түрлі түсті ағаш ұнтақтары немесе қысқа қылшықтар жапсырылады. Құстардың денесіне түтілген түбіт желімдеген жақсы. Ағаштардың жапырағының орнына мүк пайдалану керек. Оны сәл салбырата ілсе, дәл ағаш бұтақтардың өзі болып шығады. Хайуанаттар мен құстардың көзі етіп көк, қызыл, қара моншақтарды ағаш желімімен желімдеуге болады. Ит пен мысықтың аузын ойыңқырап келтіріп, оған үшкілдеген қызыл былғары не мата жабыстыру керек. Бұл нағыз тілге ұқсайды.

Адамдарға түсті матадан тігілген киім киіндірген жөн. Міне, жасалған ойыншықтарды осы айтқандардай әдемілеуге болады. Ол үшін, сол нәрселер өмірде қандай еді, соны естен шығармаса жеткілікті.

Ойыншықтарды мүмкіндігінше көп жасап алғаннан кейін, үлкен макет орнатуға да болады. Мысалы: ағаштарды бір жерге шоғырлап қадаса, тоғай тәрізді болады. Ағаштардың түптеріне саңырауқұлақтар қойылады. Одан бері көк сырмен боялған шыны — көл орналастырылады. Оның айналасына мүк салып, шынының шеті көрінбес үшін құм төгіледі. Көлдің бетіне желкен қайықты қою керек. Бір жақ жағасында үйректерін қайырған әйел кетіп бара жатады. Ал екінші жағында итін өрткен аңшы жүр. Тоғайдың бауыры алаңқы жер. Онда үйілген шемелелер. Олар уқаланған жасыл қағаздан жасалады да, сол алаңқы жерге жапсырылады. Оған жұқалап қана желім жағып, оның үстіне ұп-ұсақ жасыл жіп қиындыларын мол етіп себу керек. Асылында, бұл макетті үлкен үйеңкінің үстіне орналастырған жөн.

Міне, осы секілді түрлі үй саймандарын, тағы басқа заттарды жасауға болады.



Н. Д. Харьковский.



ЖЫЛАНДАР ШАЙҚАСЫ

Бұл оқиға өткен жазда болды. Біздің ауыл Талас өзенінің Кірме тоғай деген жерінде еді. Ертеңгісін үйден шығып жұмысқа барғалы өзен жағасындағы жолмен жүріп келе жатсам, алдымда екі жылан бастарын жоғары көтеріп бір-біріне қарама-қарсы тұр екен. Жақынырақ келіп қарасам, бірі улы қарашұбар жылан да, екіншісі жіңішкелеу оқжылан екен. Улы айыр тілдерін жаландатып, екеуі де арбасып тұр. Қызыққа біраз қарадым да, жұмыс уақытысы болып қалған соң ілгері жүріп кеттім. Сол күн түс кезінде үйге қайтып келе жатсам, жол үстінде екі жыланның бірі ғана жатыр екен. Байқасам, қарашұбар жылан кішкентай оқжыланды жұтыпты да, өзі де өліп қалыпты. Оқжыланның құйрығының ұшы қарашұбар жыланның аузынан салбырап қалған. Шамасы, қарашұбар жылан тұншығып өлсе керек.

У. МАНАҚОВ.

Жамбыл облысы, Талас ауданы, «Бостандық» совхозы.

ҮШ КЕЗДЕСУ

Менің үйімнің ауызғы бөлмесіне жыл сайын қарлығаштар келіп ұя салып, балапандарын ұшыратын.

1956 жылы апрель айының ішінде қарлығаштар жылдағы әдетінше біздің ауызғы бөлмеге ұя сала бастады. Бір күні сыртқы есікті жауып, қарлығаштардың екеуін де ұстап алып, оң аяқтарына ақ жібектен жіп байлады. Бұл жылы да қарлығаштар балапандарын ұшырып әкетті.

Келесі 1957 жылы қарлығаштар тағы келіп сол бұрынғы орнына ұя сала бастады. Мен былтырғы әдіспен оларды ұстап қарасам баяғы ақ жібек жібім аяқтарында әлі жүр екен. Қарлығаштардың екеуінің аяғына тағы да ақ жібектен жіп байладым да, ұшырдым.

Биыл 1958 жылы апрель айында, әлгі қос қарлығаш бізге тағы ұшып келді. Мені олардың үйренген жерін ұмытпайтындығы таң қалдырды.

Ш. АДЫРБЕКОВ.

Оңтүстік Қазақстан облысы, Киров ауданы.



Мұқабаның бірінші бетіндегі Н. Лебедевтің «Қолхозға көмек» деген суреті.
Мұқабаның төртінші бетіндегі Қазақ ССР-ның халық суретшісі Ә. Қастеевтің «Күрмекті базасында» деген суреті.


Редколлегия мүшелері: Баранов К., Бегалин С., Дарқанбаев Т., Ергалиев Х., Ыбраева А.,
Ыдырысов Р. (редактор), Қирабаев С., Нұрқатов А., Нұртазин М.

Техникалық редактор М. Фум.

г. Алма-Ата, проспект Сталина, дом 63, редакция журналы «Пионер»

Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Республикалық газет-журналдар баспасы.

Подписано к печати 14/VII—1958. УГ04512 84×108¹/₁₆ —0,75 бум. 2,46 п. л.
Тираж 33.055 экз. Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры КазССР. Заказ № 1373



КРИПТОГРАММА



Мына клеткалардағы шифрлардың орнына әріптер жазыңдар. Сонда Жамбылдың оқу туралы жазған өлеңінен үзінді шығады.

I. 11. 7. 8. 9. 10 — қазба байлық.
II. 4. 20. 5. 10. 13. 5. 11 — Италиядағы құлдар көтерілісінің көсемі.

III. 16. 5. 6. 21. 3. 10 — табиғат құбылысы.

IV. 2. 19. 18. 15. 3. 14 — сирек кездесетін бағалы аң.

V. 1. 12. 22. 23. — «Жас гвардия» романындағы кейіпкер.

VI. 24. 17. — құрылыс.

Жасаған Ермек Күрманбаев.

Кеген ауданы, М. Горький атындағы жетіжылдық мектеп.

Ж А У А П Т А Р

«Пионер» журналының 4-санындағы кроссвордтың жұмбақтарының жауаптары

КРОССВОРД

Тігінен:

1. Шортан.
2. Марс.
3. Ваня.
4. Саяхат.
7. Көң.
9. Перу.
11. Тас.
12. Волга.
13. Пекин.
19. 1769.
20. 1821.
21. Ана.
23. Лак.
24. ИХС.
28. Рим.
30. Тон.
32. Ока.
33. Дон.
34. Саз.
36. Рас.
38. Қыс.

Көлденеңінен:

5. Москва.
6. Аламан.
7. Каир.
8. Репин.
10. Якут.
14. Лагос.
15. Ара.
16. Неман.
17. Күн.
18. Тор.
21. Ала.
22. Нил.
24. Иса.
25. 1799.
26. 1845.
27. Қар.
29. Сүт.
31. Колхида.
34. Сым.
35. Нар.
37. Алдан.
38. Қаз.
39. Сервантес.

ЖҮМБАҚТАР

1. Өрмекші.
2. Елгезер.
3. Ұршық.
4. Қауын.
5. Көл.

Дұрыс жауабын бірінші жібергендер: Р. Тәшімова (Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы), Н. Сәбитов (Алматы облысы, Ба-

қанас ауданы), Ж. Тасқынбаева, Б. Сәдуақасова (Қызылорда облысы, Терезек станциясы), М. Қатпаева (Жамбыл облысы, Талас ауданы), А. Кенезжанов (Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданы), З. Байімбетова (Талдықорған облысы, 28-Гвардияшылар ауданы), Ш. Таева (Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы).

«Пионер» журналының 5-санындағы кроссвордтың «21» дін жауаптары.

КРОССВОРД


Көлденеңінен:

2. Кит.
5. Мицурин.
8. Демон.
9. Алтай.
13. Кебек.
14. Көз.
15. Қытай.
20. Ескек.
21. Бекетов.
22. Майра.
25. Кенен.
26. Жер.
27. Пушкин.
30. Науан.
31. Марал.
33. Сицилия.
34. Ока.

Тігінен:

1. Тимур.
3. Тихов.
4. Висла.
6. Кеңес.
7. Дауыл.
10. Целебес.
11. Төлеген.
12. Папанин.
16. Иса.
17. Жез.
18. Тон.
19. Ара.
23. Неман.
24. Дунай.
28. Памир.
29. Разин.
32. Литке.

„21“



Дұрыс шешуін бірінші жібергендер: 1. Көшербаева (Гурьев облысы, Шевченко ауданы), К. Мекенбаев (Шымкент қаласы), Б. Қабашев (Талдықорған облысы, Алақол ауданы), Т. Отарбаев (Қызылорда облысы, Жанакорған ауданы), С. Байгожина (Гурьев облысы, Мақат ауданы), В. Байрамов (Алматы облысы, Шелек ауданы), А. Қайралиева (Батыс Қазақстан облысы, Жаңақала ауданы), Р. Мамышбаева (Шу станциясы).

